

2018 жылғы 20 шілдеде сағат 10.00-15.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Е. Көшербаевтың қатысуымен «Өңірдегі жастарды әлеуметтік қолдау шаралары туралы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.



# Сыр бойы

№105  
(19588)  
19 ШІЛДЕ,  
БЕЙСЕНБІ  
2018 ЖЫЛ

## ӨРКЕНДІ ӨНІРДІҢ ӨРІСТІ КЕЗЕҢІ

Өңір экономикасының көмірсутегі шикізатына тәуелділігі едәуір азайғанына қарамастан, биылғы жартыжылдық табысты болды. Бұл туралы кеше облыстық мәслихаттың кезекті 21-сессиясында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мәлімдеді.

– Соңғы жылдары көмірсутегі мен уран өнімдерінің бағасы түсіп кетсе де, жақсы өмір сүріп, қарқынды дамуға болатынын біз дәлелдедік. Биыл да барлық макроөрсеткіш бойынша оң динамикаға қол жеткіздік. Оның ішінде инвестиция, құрылыс, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу өнеркәсібінің көлемі жоғары. Ал, өңдеу өнеркәсібі саласындағы еңбек өнімділігі бірінші тоқсанның өзінде 10%-тен асса, шикізаттық емес өнім экспортының көлемі 2,7 есе көбейді, – деді аймақ басшысы.

Сессияның күн тәртібінде 18 мәселе қамтылды. Соның алғашқысы әрі негізгісі бойынша облыс әкімі өзіне жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы туралы баяндады. Жалпы, аймақты дамыту бағдарламасында облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сипаттайтын, жыл соңына дейін орындалуы тиіс 121 индикатор қаралған. Өңір басшысы сан алуан жұмыстың басты көрсеткіші өңірлік өнім көлеміне байланысты екенін, биыл оны 100,4% -ке жеткізу міндеті тұрғанын атап өтті. Сонымен қатар, сессияда барлық саланың даму барысы мен алдағы жеңістері айтылды.

2018 жыл облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жарияланғаны белгілі. Осыған байланысты кешенді Жол картасы әзірленіп, оны жүзеге асыру үшін ағымдағы жылы барлық қаржы көзіннен 32 млрд теңгеден астам қаржы бөлу көзделді.

– Өткен маусым айында аудандарды аралап, аудан басшылары мен жауапты қорғалардың жұмыстары туралы тыңдап, жоспарларымен таныстық. Қабылданған шаралардың алғашқы нәтижесі байқала бастады. Биыл жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 11%-ке көбейді. Бұл көрсеткіште біздің облыс аймақтар арасында көш бастап тұр, – деді облыс әкімі.

Одан кейін депутаттар корпусының өкілдері атқарылып жатқан шараларды, өңірдің өсіп-өркендеуіндегі бастамаларды жоғары бағалады.

– Жыл басында өткен облыс әкімі мен облыстық мәслихат депутаттарының кездесуінде көкейде жүрген 133 сауалдың 16-сы оң шешімін тапты. Қалғаны облыс әкімінің іс-қимыл жоспарына енгізілді. Қазіргі кезде тиісті жұмыс атқарылып жатыр, – деді облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов.

Ал облыстық мәслихат депутаты Асқар Махамбетов «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту жылы» деп бір жылмен шектелмей, үш жылға ұзартуды ұсынды. Облыс әкімі бастаманы бірден құптады. Өйткені шағын және орта бизнесті қолдау арқылы тұрақты жұмыс орындары ашылады, бюджет кірісі артады, қоғамдық-саяси тұрақтылық сақталады.

Күн тәртібіндегі өзге мәселелер бойынша облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаев, облыстық мәслихаттың экономика, қаржы және жергілікті басқару жөніндегі тұрақты комиссия төрайымы Райхан Ысқақова баяндады. Нәтижесінде депутаттардың ұсыныс-пікірлері негізінде тиісті шешімдер қабылданды.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы».

## ЛАЙЫҚТЫЛАРҒА МАРАПАТ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Астана – 20 жыл» медалімен бірқатар азаматты марапаттап, алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

– Биыл Астана қаласының – 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығын атап өтудеміз. Қазақстанның алғашқы астанасы мен бүгінгі Астананың арасында үндестік, тарихи байланыс бар. Бүгінде Қызылорда қаласы Астанаға қарап бой түзеп, Сырдың сол жағасына қарай кеңейіп келеді. Биыл қыркүйек айында сол жағалаудағы бірінші шағын ауданның алғашқы нысандарын іске қосамыз. Келер жылы үш шағын ауданның құрылысына кірісеміз деп жоспарлап отырмыз. Болашақта Қызылорда қаласын сәулеті мен дәулеті астақан еліміздің ең көрікті шаһарына айналдыру үшін қызылордалықтардың жапыра жатқан еңбегі зор деп айтар едім. Өздеріңізге белгілі, 3 шілде күні Астананың 20 жылдық мерейтойына Сырдың сыйы – зымыран ғарыш техникасы музейінің ашылуы Елбасының қатысуымен өтті. Музей Мемлекет басшысының оң бағасын алды, – деді аймақ басшысы.

Мемлекет басшысы Елорданың қалыптасуына ерекше үлес қосқан азаматтарды марапаттау үшін арнайы «Астана – 20 жыл» мерекелік медальін тағайындаған болатын. Жыныда облыс әкімі осы мерекелік медальді еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуына елеулі үлес қосқан еңбек ардагерлері Абдолла Дәулетов пен Қожахмет Баймахановтың, Жалағаш ауданының әкімі Қайратбек Серсенбаевтың, Жаңақорған ауданының әкімі Ғалым Әміревінтің кеудесіне тақты. Сонымен қатар Зымыран ғарыш техникасы музейінің ашық экспозициясының құрылысына ерекше үлес қосқаны үшін бірқатар азамат Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатімен марапатталды.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы».

# ЫНТЫМАҚ – ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ, ЫҚЫЛАС – ЕҢБЕК ТЫНЫСЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е. КӨШЕРБАЕВТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ХХІ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Құрметті депутаттар мен әріптестер!

Бүгін біз алғашқы жартыжылдықты қорытындылаймыз. Негізгі баяндаманы бастама бұрын, осы сәуір айында республика бойынша жалпыөңірлік өнім (ЖӨӨ) өндірудің 2017 жылғы қорытындысы шығарылғанын хабарлауды жөн көрдім. Бұл көрсеткіш – аймақтың барлық сала бойынша экономикалық іс-қимылының

жылдық қорытынды нәтижесі.

Сонымен, 2017 жылғы облыста жалпы құны 1,5 трлн теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 0,8%-ке көп. Біріншіден, біз жалпыөңірлік өнім бойынша соңғы 4 жылда, алғаш рет оң векторға шықтық. Бір ғана өңір өнеркәсібі саласының өндіріс көлемі осы жылдары 56%-тен асып түсті.

Яғни, соңғы жылдары көмір-

сутегі және уран өнімдерінің бағасы түсіп кеткеніне қарамастан, жақсы өмір сүріп, қарқынды дамуға болатынын біз дәлелдедік. Қазір өңір экономикасының көмірсутегі шикізатына тәуелділігі едәуір азайды. Айтарлықтай төмендеді.

Биылғы жартыжылдық та облысымыз үшін табысты болды деп айта аламын. Барлық макроөрсеткіштер бойынша жағымды оң динамикаға қол жеткіздік.

Оның ішінде инвестициялар түсіп кеткеніне қарамастан, жақсы өмір сүріп, қарқынды дамуға болатынын біз дәлелдедік. Қазір өңір экономикасының көмірсутегі шикізатына тәуелділігі едәуір азайды. Айтарлықтай төмендеді.

Биылғы жартыжылдық та облысымыз үшін табысты болды деп айта аламын. Барлық макроөрсеткіштер бойынша жағымды оң динамикаға қол жеткіздік.

Оның ішінде инвестициялар көлемі (117,2%), құрылыс жұмыстары (115,9%), ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру (102,7%) және өңдеу өнеркәсібі көлемі (100,5%) жоғары.

Ал, өңдеу өнеркәсібі саласындағы еңбек өнімділігі биылғы бірінші тоқсанның өзінде 10%-тен асса, шикізаттық емес өнім экспортының көлемі 2,7 есе көбейді.

Облыс бойынша мұнай өндіру көлемінің жылдан жылға азаю-

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте тірек елді мекендердің даму барысы талқыланды. Ел экономикасында инновация мен прогрестің негізі саналатын экономикалық өсім орталықтарын қалыптастыру идеясы 2014 жылы туындап, 2020 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасына енгізілген. Бүгінде аймақта экономикалық өсім орталықтарының категориясына енген 16 тірек елді мекеннің тізімі бекітіліп, оларды дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

қыдырып келушілерге арналған 100-ден аса үй болса, оның 27-сі ғана кәсіпкер ретінде тіркелген. Басқарма басшысы салық органдарына тіркелмей жұмыс істеп, пайда табатын адамдармен тиісті жұмыстарды күшейту керекін алға тартты. Шағын және орта кәсіптің дамуы төмен тірек елді мекен қатарында Қармақты ауданындағы Төретам кенті де

ашылса ғана шын мәнінде елге тірек, мол жұмыс орындарының ашылуына негіз болатынын атап өтті.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту және жұмыссыздарды жұмыс орындарымен қамту үшін аймақтық бірінші «Жол картасы» жүзеге асырылуда.

– Өңірімізде бизнесті бастаймын немесе қолда барды дамы-

## ТІРЕКТІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР – ИННОВАЦИЯ МЕН ПРОГРЕСТІҢ НЕГІЗІ

Аталған бағытта атқарылған жұмыстар туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбаева хабарлама жасады. Жалпы 16 тірек елді мекен бойынша халықтың өсімі 2995 адамды құраған. Оның ішінде 11 тірек ауылда тұрғын саны артса, бесеуінде халықтың азайғаны байқалады. Соңғы үш жылда бюджет көздерінен тірек ауылдардың әлеуметтік нысандары құрылысына, күрделі жөндеу жұмыстарына, инфрақұрылым мен абаттандыруды қамтамасыз етуге 9137 млн теңге қаржы бөлінген. Қазір бұл ауылдар орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Тірек елді мекендерде 22 мектеп, 29 балабақша жұмыс істеуде. Бүгінде дейін жаңадан 3 мектеп, 3 балабақша салынса, 8 мектеп, 7 балабақша ғимараттары күрделі жөндеуден өткен. Тұрғындарға 25 денсаулық сақтау ұйымы қызмет көрсетеді, 8 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жаңадан бой көтеріп, 2 нысан күрделі жөндеуден өткен.

Биылғы қаңтардан бастап облыста халық саны 2 мың адамнан асатын ауыл әкімдерінің бюджеті енгізілді. Аймақта мұндай 65 ауылдық округ бар. Дербес бюджетті енгізу ауылдық округтердің қаржылық мүмкіндіктерін кеңейтіп, салықтарды тікелей өз бюджетіне алу арқылы жергілікті мәселелерді шешуге негіз болады. Тіректі елді мекендердің ішінен Қазалы ауданының Жаңқожа батыр және Өркендеу ауылдарына халық саны 2 мыңнан аз болғандықтан, дербес бюджет енгізілмеген, олар қазір аудан бюджетінің құрамында.

Сексеуіл, Төретам, Ақжарма, Еңбекші, Қамыстыбас, Жанқожа батыр, III Интернационал, Бесарық, Түгіскен, Төменарық ауылдарының дамуын басқарма басшысының орынбасары қанағаттанарлық десе, Шижаға, Өркендеу, Аққұм, Мәдениет, Сұлутөбе, Бірлік ауылдарының даму деңгейін төмен топқа жатқызды.

Аймақ басшысы аудан, ауыл кәсіпкерлерін, инвесторларды ауыл жағдайын жақсартуға тарту керекін айтып, аудан әкімдеріне даму деңгейі төмен елді мекендер бойынша тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Мақса – экономикалық өсім орталықтарында халықты және капиталды шоғырландыру арқылы тиімді кәсіпорындарды қалыптастыру. Елді мекендердің әл-ауқатын арттырып, қосымша жұмыс орындарын құруда бизнес құрылымдардың белсенділігі маңызды. Тірек елді мекендердегі кәсіпкерлікті даму барысына тоқталған облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Бақытжан Намаев аудан бөлінісінде кәсіпкерлік саласындағы нәтижелерді сараптады.

Аталған ауылдардың кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларына қатысу белсенділігі басым. Дегенмен, шағын және орта кәсіпкерлік қанатын жая алмай, бірде-бір адам микронесие алмаған ауылдар да бар. Айталық, Арал ауданы Октябрь ауылдық округінің Шижаға елді мекенінен жыл басынан бері қайтарымсыз гранттарға 1 жоба ұсынылып, оның өзі жаңашыл болмай, оны себепті кері қайтарылған. Қамбаш көлінің басында

бар. Кентте 11 мыңнан аса халық қоныстанғанмен, жыл басынан бері 1 адам ғана микронесие алып, 1 кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасымен несие қаражатына қол жеткізген.

Кәсіпкерлік саласы бойынша дамуда оң динамика көрсеткен аудандар қатарында Сырдария ауданындағы – Бесарық, Шиелі ауданындағы – Еңбекші ауылы, Жаңақорған ауданы бойынша Аққорған және Ақүйік ауылдық округтерін атауға болады. Қазалы ауданындағы Жанқожа елді мекені мен Өркендеу ауылдық округінде де кәсіпкерлік саласының дамуы жақсы деңгейде екені аталып өтті.

Тіректі елді мекендерде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мақсатында облыстық кәсіпкерлер палатасы арқылы атқарылған жұмыстар жөнінде хабарлама жасаған облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының міндетін атқарушы Қожахмет Илиясовтың айтуынша, осы жылдың алты айында ауылдар 70 кәсіпкерлік жоба бойынша 194,5 млн теңге қаржымен қамтамасыз етілген. Облыстық кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдары арқылы кәсіпкерлікке сүйемелдеу жұмыстары жасалып, 16 тірек елді мекен тұрғындарына 226 бизнес жоспар дайындалған. 76 азамат «Бизнес оқу», 116 азамат «Бизнес кеңесші» оқу курстарынан өткен.

Аймақ басшысы кәсіпкерлікті даму деңгейі төмен аудан басшыларын қатаң сығана алып, осы бағыттағы жұмыстарды бақылауға алуды тапсырды. Елді мекендерде шағын және орта бизнестен бөлек ірі кәсіпорындар

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕЖЕСІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігінің кеңейтілген мәжілісі өтті. Ауқымды жиында күн тәртібіндегі бірқатар мәселелер қаралып, атқарылатын жұмыстар сараланды.

Жиында алдымен облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдбекова саланың дамуына тоқталып, биыл Сыр түлектері сенімге селкеу түсірмегенін айтып өтті. Басқарма басшысының айтуынша, ҰБТ қорытындысы бойынша жоғары деңгейден Қызылорда қаласы көрінген. Балалардың білім деңгейі орташа 85,82 балл құрап (өткен жылы 82,4 балл) отыр. Ең жоғары 135 баллды Қазалы ауданының №249 мектеп-лицейі түлегі Еркін Раг және Қызылорда қаласының №15 мектеп-лицейі түлегі Абылай Жалғабай иеленді. Мәліметтерге көз жүгіртсек, 1131 түлек 100 және одан жоғары балл жинаған болса, 113 түлек шекті деңгейден өте алмаған.

– Білім – болашаққа бағытталған инвестиция. Елдің ертеңгі тізгінін қолға алар жастардың қажетті білім алуы үшін мемлекет тарапынан бар жағдай жасалады. Осы қолдау нәтижесінде Сыр жастары халықаралық, республикалық білім додаларында топ жарып жүр. ҰБТ нәтижесі де бытырғыдан жоғары. Оның ішінде №4 облыстық дарынды балалар мектеп-интернатының түлектері орташа 103,2 балл, №10 Білім инновация лицейі 100,3 балл, №9 Білім инновация лицейі 95,5 балл жинады. Ал, аудандар арасында Жалағаш көш бастады. Дегенмен, шекті деңгейден аса алмағандар жоқ емес. Оларға осы жылдың тамыз айында және 2019 жылдың қаңтар айында ҰБТ-ны ақылы негізде қайта тапсыруға мүмкіндік бар. Сонымен бірге, Қазанның «Иннополис» университетімен қызылордалық жастарды оқыту туралы келісім жасалды. Мәскеудегі «Сколково» инновациялық орталығымен де ынтымақтастық орнатылуда. Биылдан бастап М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің «Киберқауіпсіздік» және «Процестерді математикалық модельдеу» мамандықтары бойынша облыс жастарына магистратуралда оқу үшін 20 грант бөлінгенін айта кету керек. Бұған қоса шілде айында облыс әкімдігі Астанада ЕвразЭС-тің парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университетпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Оның құрамына 3 институт, 4 факультет, 17 кафедра кіреді, – деді М.Тұрғанбайқызы.

# ЫНТЫМАҚ – ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ,

Биылғы 6 айда осы жобалар шеңберінде жалпы құны 11 млрд теңгеден астам өнім шығарылды. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 30%-ке артық. Ал, осы Қарта жобалары негізінде өндірілген өнім экспорты 37%-ке көбейген.

Қазір жалпы құны 620 млрд теңге болатын, экспортқа бағдарланған тағы 26 жобаны жүзеге асыру жұмыстары басталды. Нәтижесінде, тағы да 6 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Оның ішінде 4 жоба бойынша – молибден өндіру және балық өңдеу, сонымен қатар, цемент және шыны зауыттарын осы жылы іске қосатын болады.

Шыны зауыты бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы жылдың IV тоқсанында аяқталады, ал, желтоқсан айында Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін телекөпір барысында зауыт пешінің іске қосылуы. Біз, негізінде, пешті іске қосуды осы шілде айына жоспарлаған болатынбыз, алайда, біздің өкілеттімізден тыс жайттарға байланысты (инвесторлар арасындағы проблемалардың себебінен) зауытты іске қосу мерзімін кейінге шегеруге тура келді. Осы жерде мен атақты жазушы Вольтердің «Ұлы істер үлкен кедергісіз бітпейді!» деген сөзіне келесімін. Туындаған барлық кедергілерге қарамастан, біз мәре сызығына келіп қалдық десек те болады.

Айтқандай, Қытайдың шыны өндіретін зауыт салудан мол тәжірибесі бар трансмемлекеттік «Чайна Триумф» компаниясы осы шыны зауытының құрылыс жұмыстарына өткен айдан бастап кірді.

Енді бұл компания жоғары технологиялық зауыт құрылысына инвестор ретінде қатысып, смартфондар мен планшеттердің күн сәулесінен қорғайтын панельдеріне арналған аса жұқа және өте мөлдір шыны жасап шығаруды да көздеп отыр. 150 миллион АҚШ долларын құрайтын бұл жобаны Қызылорда облысының индустриялық аймағында жүзеге асыру жоспарланған.

Сонымен қатар, желтоқсан айында өтетін телекөпір асында біз Мемлекет басшысына тампонажды цемент өндіретін зауытты да іске қосуды ұсынамыз.

Бұл шамамен 260 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін жоғары технологиялық өндіріс екенін ескерсек, қазірдің өзінде 200-ге жуық жергілікті тұрғын іріктеліп, осы зауытқа жұмысқа орналасу үшін мақсатты түрде арнаулы білім алып жатыр. Содан кейін, инвесторлардың ұсынысы бойынша, олардың ішінен бір тобы іріктеліп, Қытайға оқуға жіберіледі. Қазір 46 адам сол жақта оқып жатыр.

Сондай-ақ, басқа да ірі инвестициялық жобалар бойынша жұмыстар қатар жүруде. Атап айтқанда, «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнында әзірлік жұмыстарын аяқтап, кен-байыту комбинаты құрылысының қаржыландыру мәселесі толық қанды шешілді, жұмыс басталды. «Баласуыскандық» ванадий кен орнында жыл соңына дейін айына 10-нан 50 тоннаға дейін ванадий бестотығын өндіру көлемін ұлғайту жоспарланып отыр. Салыстырсақ, бүкіл 2017 жылы 51 тонна ванадий бестотығы шығарылған екен. Осындай болса да, былтыр кәсіпорын аммоний метаванадатының экспорт көлемін 3 есе ұлғайтса, биылғы 6 айда тағы 3,1 есеге арттырды.

Биыл маусым айында кальцийлендірілген сода шығаратын республикадағы ең ірі зауыттың қазығы қағылды. Біз бұл жобаны бірнеше рет талқыладық. Жұмыс басталды. Бұйырса, 2020 жылы зауыт іске қосылады.

Түрік инвесторларымен бірігіп керамикалық плиталар мен керамогранит өндіру жобасы бойынша жұмыс нәтижелі жалғасуда.

Жаңа бәсекеге қабілетті индустриялар құрудың маңызды шарты инновацияларды қолдау

және оларды тез арада өндіріске енгізу болып табылады.

Сол себептен де, мұнай компанияларымен жүргізілген келіссөздер нәтижесінде алғаш рет негізгі жұмыс аймақтағы инновациялық өнім көлемін ұлғайтуға бағытталған Өңірлік инновациялар офисін құруға қаржы бөлінді.

Біз бұл мақсатты халықаралық инвест және интернет-форумдар өткізу арқылы жүзеге асырамыз.

22 маусымда «Цифрландыру: өңірді дамытудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында III Халықаралық Интернет-форум өткізілді. Оған Ресейден, оның ішінде Татарстаннан, Қытайдан, Белоруссиядан, Украинадан, сонымен қатар, цифрланды-

діру көлемі 2,7%-ке, азық-түлік өнімдерін өндіру көлемі 15%-ке артса, ауыл шаруашылығы өнімдері экспорты көлемі өнімнің заттай көрінісінде 7,3%-ке ал, қаржы эквивалентімен 66%-ке өсті.

Егін шаруашылығын әртарап-тандыру бағдарламасы табысты жүзеге асып келеді. Соңғы 5 жылда мал азығы дақылдары мен майлы дақылдар алқабының көлемі 18 мың гектарға (2014 жылмен салыстырғанда 2018 жылы) артты.

Өнеркәсіптік бағытта біз картоп, көкөніс және бақша өнімдерін өндіруді дамыта бастадық.

Ағымдағы жылы Қызылорда қаласында Испан технологиясы бойынша жұмыс істейтін автоматтандырылған алғашқы

үдерістерді жобалауға, сонымен қатар, нәтижені де болжауға негіз болатын табиғат факторларын талдауға және болжауға мүмкіндік береді. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға ғана емес, табиғи ресурстарды неғұрлым үнемді пайдалануға, пестицидтер мен минералды тыңайтқыштарды пайдалануды сиретуге, бір сөзбен айтқанда, экологиялық таза органикалық өнімдер өндіруге мүмкіндік береді.

Болашақтың технологиялары немесе «жасыл» технологиялары бар осындай ферма Жалағаш ауданында құрылды. Оның мәкеті ЕХРО-2017 көрмесіне ұсынылды. Бұл – танапты «тамышылапты суару» әдісін қолдана отырып және күн сәулесі мен

Бұл кәсіпорынға шикізат жеткізу үшін жобалық офис аясында «якорлық кооперация» қағидаты негізінде, яғни, өнімдерді сатуды қамтамасыз ететін, ірі бордақылау алаңдары бар, әлеуеті шағын және орта фермерлерді біріктіре отырып, өндіру бойынша аймақтық кластер құрамыз.

Бұл мақсатта облыста (Қазалы, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласында) мал өсірумен айналысатын шағын және орта ферма қожалықтарын тарта отырып, 7,5 мың бас малды бір мезгілде бордақылайтын (олардың 2-і ӘКК қатысуымен) 3 бордақылау алаңы құрылды. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация арқылы Жаңақорған, Жалағаш және Қазалы аудандарында асылтұқымды баспақөсіру үшін 3 репродукция орталығын құруға қаржы бөлінді.

Бұл шаруашылығы министрлігі біздің өңірімізде сүт өнімдерін өндіруді дамытуды қолдамаса да, біз бұл саланың маңыздылығын ескере отырып, ағымдағы жылы Шиелі ауданында 1200 бас ірі сүт өнімдері тауарлары фермасын іске қосуды және өңірімізде табиғи сүт өндіру үлесін арттыруды жоспарлап отырмыз.

Ал, келесі жылы сүт өндіру комбинатының құрылысына кірісеміз. Ішкі нарықты толық қамтығаннан кейін өнімдерімізді сыртқы нарыққа да шығарып, бұдан да пайда жасауды үйренетін боламыз.

Мал шаруашылығымен айналысатындар үшін де кепілдендірілген азық базасын құруды да ойлап отырмыз. Мал азығы өнімдері үшін берілетін жер аумағы ағымдағы жылы 1,3 мың гектарға көбейді.

Бұдан басқа, ауылшаруашылығы кооперациялары арқылы мал шаруашылығын дамытуға жеке қосалқы шаруашылықтарды мақсатты түрде тартып отырмыз.

Соңғы бір жарым жылда 2320 жеке қосалқы шаруашылықтан құрылған 105 кооперативтің 73-і мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. 801 отбасылық мал бордақылау алаңы мен 385 сүт өнімі қожалықтары құрылды. Бір ғана 2018 жылы 250 жеке қосалқы шаруашылықтарды біріктіру жолымен 18 кооператив құрылды. Егер 2017 жылы кооперативтер 1 жылда 342 тонна ет пен 133 тонна сүт өндірсе, 2018 жылдың I тоқсанында ғана олар 206 тонна ет пен 252 тонна сүт өндірсе.

Өздеріңізге белгілі, былтыр Шиелі ауданында жұмыртқа өндірісін дамыту мақсатында алғашқы құс фабрикасы өз жұмысын бастады. Бұдан басқа, Қызылорда қаласында да екі құс фабрикасы іске қосылды. Нәтижесінде, ағымдағы жылдың 6 айында құс саны 36%-ке, ал, жұмыртқа өндіру 45%-ке артты.

Ағымдағы жылы «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп Қармақшы ауданында жылына 1500 тонна ет өндіру қуаттылығы бар тағы бір құс фабрикасының құрылысына кірістік.

Нәтижесінде, 2019 жылы біз бүгінгі таңда жұмыртқа өндіруді көлемін 5,5%-тен 22,7%-ке, құс етін өндіруді 0,7%-тен 46,8%-ке көбейтуді жоспарлап отырмыз.

Елбасы билеуші Жолдауында аграрлық саланың алдында стратегиялық маңызы бар екі міндет қойды: еңбек өнімділігін түбегейлі арттыру және өндірілген өнім экспортын ұлғайту.

Тапсырма оңай емес. Алайда, тапсырманың орындалуы аграрлық саланы жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, ауылшаруашылық саласына бейім аймақтардың дамуына және де ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік жағдайының жақсаруына да мүмкіндік береді. Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін біз 2018-2022 жылдарға арналған «Агротарта» нақты іс-шаралар жоспарын жасап бекіттік.

Жалпы алғанда, іс-шаралар жоспары аясында ағымдағы жылдың өзінде құны 7 млрд

теңге болатын 10 инвестициялық жоба жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта экспорттық әлеуетті арттыру және өткізу нарығын ұлғайту жұмыстары мақсатты жүргізіліп отыр.

Егер естеріңізге болса, 2016 жылы бақша өнімдері экспортын, ал, 2017 жылы көкөніс және мал өнімдері экспортын қайта жаңғыртқан болатынбыз.

Ағымдағы жылы мақсары майын экспорттауды бастадық, алғашқы 11 тоннаны наурыз айында Қытай еліне жібердік. Жыл соңына дейін тағы 500 тонна май экспорттауды жоспарлап отырмыз. Және бұл шегі емес. Өткен айда ғана қытайлық серіктестер өндірілетін май көлемін арттыру және шикізат өнімдерін сатып алуға байланысты фьючерстік келісім жүргізуді ұсынды.

Мақсары майы тек Қытай еліне ғана емес, сонымен қатар, Иран мемлекетінде де сұранысқа ие. Сондықтан, алдағы уақытта мақсары дақылның егуге арналған жер аумағын екі есе ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.

Өздеріңіз білесіздер, буферлік аймақтан шығуымыз бізге мал өнімдерін экспорттауға мүмкіндік берді. Былтырдың өзінде 2 мың бас қойды Араб әмірліктеріне, Иранға және Моңғолияға экспорттадық.

Жақында Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығын дамыту бағдарламасын қабылдады, бағдарлама аясында ет экспортын ұлғайту көзделген.

Бұл үшін барлық алғы шарттар бар. Біріншіден, ірі қара етін импорттаудан алғашқы орында тұрған екі мемлекетпен көршілес орналасуымыз: Қытай жылына 1 млн тонна, ал, Ресей 700 мың тонна ет тұтынады. Екіншіден, бұл әлемде 5-орынға ие пайдаланылмаған жайылмалы жерлерінің әлеуеті.

Бұдан басқа, бұл бағдарламаны іске асыру үшін «Сыбаға» несие бағдарламасы бойынша арнайы жеңілдетілген және ұзақмерзімді несиелік ресурстар берілді. Бұл мал шаруашылығы саласын дамытуға жақсы серпін береді.

Балық шаруашылығы қайтадан экономиканың маңызды саласының біріне айналып отыр. Балық аулау соңғы бес жылда екі есе өсті. Бүгінгі таңда бізде 8 балық өңдеу зауыты жұмыс жасайды, олардың төртеуінің еурокоды бар. Нәтижесінде, балық өнімдерін экспорттау осы жылдары 8 есеге өсті! Ағымдағы жылдың басынан бергі экспорттың көлемі 32%-ті құрады.

Міне, сондықтан да табиғи су қоймаларының балық суын пайдаланумен қатар облысымызда тауарлық балық шаруашылығын дамыту бойынша шаралар қабылданып, саланы, өзін айтқандай, бөлек кластер етіп бөлу және оны жүйелі дамыту жоспарланып отыр.

Бұған қоса ағымдағы жыл аясында ауыл шаруашылығы өнімдері сатылымының тиімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде «жобалық басқару» шеңберінде өнімдерді шетел нарығына шығару үшін «Агроробот» электронды сауда алаңын жасадық. Қазіргі таңда оны дамыту бағытында жұмыс жүргізудеміз.

Жалпы, ағымдағы жылы біз ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестиция көлемін кем дегенде 7%-ке көбейтуді, еңбек өнімділігін 6,6%, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді 4,5%-ке, ал, экспорт көлемін 20%-ке өсіруді міндет етіп қойып отырмыз. Өткен кезеңдегі аралық индикаторлар бұл көрсеткіштерге қол жеткізуге болатындығын көрсетіп отыр.

Біздің жұмысымыздың тағы бір маңызды бағыттарының бірі – суармалы жерлердің шаруашылығы инфрақұрылымын қалыптастыру. Бүгінде Қызылорда облысы бойынша ирригациялық және дренаждық инфрақұрылымының нашарлауы салдарынан суармалы жерлердің төрттен бір бөлігі пайдаланылмай отыр.

Біздің аймақ Сырдария өзенінің төменгі ағысында

орналасқандығын және жоғарыда орналасқан көрші мемлекеттердің шешімдеріне толықтай тәуелділігіндегі ескеретін болсақ, ирригациялық және дренаждық жүйелерді жаңғырту стратегиялық сипатқа ие болады және өздеріңіз білетіндей, биылғы жылы біз үшін су тапшы болып отыр.

Сондықтан, бірнеше жылдар бойы судың қажетті көлемімен қамтамасыз етілген 188 мың га суармалы жерді қалпына келтіруге бағытталған үш жобаны жүзеге асыру үшін жүйелі жұмыс жасап отырмыз.

Жеке алғанда, екінші фаза шеңберінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасымен «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді» жобасының екінші фазасы 2017 жылы Жалағаш ауданындағы 15 мың га су шаруашылығы нысандарын тәуелсіздікке аяқтап, оларды республикалық меншігіне өткізді. Енді қазіргі уақытта ирригациялық жүйені қалыптастыру үшін республикалық бюджеттен 16 млрд теңге инвестиция тарту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

Сонымен қатар, былтырғы жылы облыстың барлық аудандарында тағы да 29 мың га суармалы жерді гидротехникалық құрылысын тәуелсіздікке аяқтады. Бүгінде Жалағаш, Жаңақорған және Қазалы аудандарының нысандары республикалық меншікке толығымен берілген, басқа аудандар бойынша бұл жұмыстар аяқталып келеді. Бұл бізге халықаралық қаржы ұйымдары арқылы нысандарды қалыптастыруға 13 млрд теңге инвестицияны тартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, жобаның үшінші фазасын іске асыру аясында ағымдағы жылы тағы 144 мың га ирригациялық жүйені тәуелсіздікке бастадық.

Қазақстан бойынша Үкімет жоспарына сәйкес осы шама шеңберінде 4 облысқа тиесілі 312 мың га жер қамтылады. Облыстық құрылымдардың жүргізілген мақсатты жұмыстарының нәтижесінде жоба сай қайта қалыптастырылған жердің 50%-ке жуығы Қызылорда облысының үлесіне тиіп отыр. Бұл – болашақ үшін жақсы негіз.

Бірнеше жылдан бері біздің үздіксіз жұмыс жүргізіп жатқан екі маңызды су жобамыз деп Солтүстік Аралды сақтау қалта бағытталған жобаны айтуға болады.

Өкінішке қарай, «Сырдария өзені арнасын реттеу және Солтүстік Аралды сақтау» (САРАТ-2) жобасы бойынша Дүниежүзілік банкпен жүргізілген жұмыстар біз күткен нәтижені бермеді.

Біз Дүниежүзілік банкпен келіссөздер жүргізіп жатқанымызда жыл сайын Үлкен Арал теңізде қайтарымызды 2,5-3 млрд текше метр су кетіп жатты. Осылайша, 12 жылда 30 млрд текше метр суды жоғалттық.

Салыстырмалы түрде айтқанымызда, Кіші Арал теңізінің көлемі 27 млрд текше метр су. Демек, осы жылдары біз Кіші Аралға қарағанда, көбірек су жоғалтқанбыз.

Одан бөлек, жыл өткен сайын жағдай үдей түсіп, тұрғындар үшін қауіп-қатер артып келеді. Сондықтан да, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін САРАТ-2 жобасының 4 компонентін республикалық бюджет есебінен жүзеге асыра бастау туралы шешім қабылданды.

Үш компоненті (Қармақшы, Қазалы аудандарындағы қорғаныс бөгеттерін нығайту, өзеннің Жалағаш ауданындағы «Қорғаншар» және «Тұрмыбет» бөкшелеріндегі арнасын түзету және «Қызылорда» су торабында кешенді жөндеу жүргізу) «2017-2020 жылдарға арналған «Тасқын су қатерінің алдын алу және оны жою жөніндегі шаралар кешені» жол картасы шеңберінде, ал, бір компоненті (Қазалы ауданындағы Бірлік елді мекені жанында көпір құрылысын жүргізу) Аймақтарды дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асыру жоспарлануда.



2018 жылдың 6 айында Қызылорда облысының экономикасына 87 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл 2017 жылға қарағанда 17,2%-ға көп.



2018 жылдың 6 айдағы қорытындысына сәйкес Қызылорда облысында ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде 2,7%-ға өсу байқалды.

ру саласы бойынша әлемнің алдығы қатарлы компаниялары – «Huawei» (Қытай), «Dei» (АҚШ), «Сколково» (РФ) және т.б. өкілдері қатысты.

Форумының нәтижесінде IT-жобаларды жүзеге асырудағы ынтымақтастық туралы Халықаралық «Astana Hub» стартап-хабы, «Smart city» технологиясын енгізу бойынша Беларусь-«Какаду Девелопмент», сондай-ақ, цифрландыру бойынша Қазан қаласындағы ресейлік «Барс Групп» және қазақстандық «Транстелеком» компанияларымен меморандумдарға қол қойылды.

Облысымыздың қашаннан аграрлық өңір екендігін ескерсек, жұмыстың келесі бір ірі ауқымы ауыл шаруашылығын дамыту бойынша жүргізіледі. Осы орайда, облыстың аграрлық секторы дамуының жақсы қарқынын көрсетіп отырғанын атап көрсетуіміз керек.

Соңғы жылдары (2013-2017 жж.) облыстың жалпыөндірілік өнім құрылымында ауыл шаруашылығының үлесі 2,5%-тен 3,7%-ке дейін артты, бұл өңір экономикасы құрылымында сапалы өзгерістер бар екендігін көрсетеді.

Осы жылдар ішінде ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 23 есе, тамақ өнімдерін өндіру 5 есе артты. Тек биылғы жылдың өзінде ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 85%-ке, ауыл шаруашылығы өнімдерін өн-

жылыжай кешені салынады. Бұдан басқа, Шиелі ауданында тағы да 20 жылжымай салу жоспарланып отыр. Бұл маусымаралық кезеңде халықты жаңа өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңақорған ауданында түрік инвесторларының қатысуымен қызанақ өсіретін ірі жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Қазір қызанақтың Түркия елінен әкелінген сорттарына сынақ жүріп жатыр.

Агротөнеркәсіп кешені кластер жүйесімен дамыту бойынша жұмыстар жалғасуда.

Өздеріңізге белгілі, 2013 жылы біз Жалағаш элеваторын сатып алып, «Байқоңыр» ӘКК жанынан облысымыздағы күрші кластерін қалыптастыруға негіз болатын «Агротехнология» құрылды. Кластер жүйесін енгізе отырып, біз пайда әкелетін және бәсекеге қабілетті күрші өсіретін шаруа қожалықтарының санының артуына қол жеткіздік.

Қазіргі таңда «Байқоңыр» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы күрші және балық кластерлерін одан әрі дамыту, сондай-ақ, мал шаруашылығы, өңдеу және логистика салаларында кластер құру жұмыстарын қолға ала бастады. Бұл үшін қажетті қаржы қазірдің өзінде бюджеттен бөлінді.

Ауылшаруашылық өндірісі табиғи құбылыстар мен басқа да бірқатар факторға барынша тәуелді, әлісіз сала болып табылады.

Ал, цифрлық технологияларды енгізу нақты бизнес-

жел энергиясының көмегімен жерасты су көздерін пайдалану арқылы суарудың гибридті жүйесі. Біз бұл жобаны қолдадық және жеке фермерлік шаруашылыққа осы технологияны енгізу үшін өз алдына аумақ бөліп бердік.

Бұл ноу-хау шөл және шөлейт аймақтарды мал шаруашылығын дамытуға ғана емес, сонымен қатар, жеміс-жидек дақылдары мен көкөністерді өндіруге қалай пайдалануға болатынын көрсетеді.

Айта кету керек, соңғы төрт жылда облыста отарлы мал шаруашылығын дамыту мақсатында жайылмалық жерлерді суландыру бойынша 220 жоба жүзеге асырылды. Бұл жобалардың көпшілігі күн энергиясын пайдалануға негізделген. Жоба мал шаруашылығын одан әрі дамыту үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

Біздің міндетіміз – мал өсіру ғана емес, сонымен қатар, жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған мал шаруашылығы өнімдерін өндіру.

Біз жыл сайын мал басын арттыру мен мал шаруашылығы өнімдері көлемін ұлғайтуға қол жеткіздік. Енді бізге заманауи ет комбинаттары, сүт зауыттары, құс фабрикалары қажет. Сондықтан, ағымдағы жылы осы салаларды дамыту бойынша бірқатар жобаларды іске асыруды.

Атап айтқанда, жыл соңына қарай Қызылорда қаласында ет комбинатын салуды бастаймыз («Сыр Маржаны» ЖШС).

1-бет



2018 жылдың 6 айында Қызылорда облысындағы құрылыс жұмыстарының көлемі 15,9%-ға ұлғайды.



Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы саласындағы 2018 жылғы инвестиция көлемі 85,5%-ға артты.



Қызылорда облысының тау-кен өнеркәсібіндегі 2018 жылғы инвестиция көлемі 22,8%-ға артты.

# ЫҚЫЛАС – ЕҢБЕК ТЫНЫСЫ

«Қызылорда» су торабына кешенді жөндеу бойынша инвестициялық ұсыныс дайындалып, Ұлттық экономика министрлігінің экономикалық қорытындысы алынған. Қазіргі күні Ауыл шаруашылығы министрлігі жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеуге қаржы бөліртү үшін (198 млн теңге) Қаржы министрлігіне бюджеттік тапсырыс беруге қажетті экономикалық сараптаманы «Қазақстандық ТЖО орталығы» акционерлік орталығынан алуға қаржы-экономикалық негіздеме дайындауда.

Екі компонент бойынша Қармақшы, Қазалы аудандарындағы қорғаныс бөгеттерін нығайту және Сырдария өзенінің Жалағаш ауданындағы «Қорғанша» және «Тұрымбет» учаскелеріндегі арнасын түзету бойынша облыстық бюджет есебінен жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленді.

Қазіргі таңда осы компоненттерді іске асыруға республикалық бюджеттен қаржы тартуға жұмыс жүргізілуде. Оларды 2017-2020 жылдарға арналған «Тасқын су қатерінің алдын алу және оны жою жөніндегі шаралар кешені» жол картасы шеңберінде іске асыруды жоспарлауда. Жобаның құны – 2,5 млрд теңге.

Төртінші компонент – Қазалы ауданындағы Бірлік елді мекені жанындағы көпір құрылысын жүргізу бойынша ағымдағы жылы біз жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындаймыз, содан кейін бұл компонентті республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін Инвестициялар және даму министрлігіне ұсынылады.

Осылайша, САРАТС-2 жобасын іске асыру жұмыстары басталып кетті деп айтуға болады.

Мұнан бөлек, ағымдағы жылдың 27 сәуірінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Шөкеевтің төрағалығымен «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Аралды сақтау» (САРАТС-2) жобасын іске асыру бойынша мәжіліс өтті. Талқылаулардың қорытындысы бойынша Солтүстік Арал жобасының қалған компоненттерін жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар дайындалды.

Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасы бюджеті есебінен (Дүниежүзілік банк несиесінен) «Көкарал» бөгетінің беріктігін қамтамасыз ету және Сырдария өзенінің сағасын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды бастайтын боламыз (Ол Солтүстік Арал жобасы бойынша жұмыстарды өзбек тарапының келісімінсіз бастай беруге негіз болады. Ойткені, біз жаңадан ештеңе салмаймыз, тек САРАТС-1 жобасы аясында салынған «Көкарал» бөгетінің бұзылуының алдын аламыз).

Жоба су ағызу құрылысы бар «Көкарал» бөгетін нығайту және Сырдария өзенінің «Қарашалан» және «Тұщыбас» көлдері арқылы өтетін тармағын қалпына келтіруді қарастырады.

Екінші кезеңде Дүниежүзілік банк несиесі есебінен құрамына «Суармалы жерлердің ирригациялық-дренаждық жүйесін жетілдіру» жобасы қаралған «Арал өңірін одан әрі дамыту және экологиясын жақсарту» бағдарламасын коллекторлық-дренаждық суларды Арал теңізіне жеткізу мүмкіндігімен әзірлеу және іске асыру жоспарланады.

Бұл бір жағынан әлеуметтік-экономикалық дамуды жақсартып, тұрғындардың, әсіресе, суармалы жердің жай-күйіне тәуелді ауыл тұрғындарының (облыс халқының 63%) әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді, екінші жағынан біз ол суармалы жерлердің нашар жай-күйіне байланысты шығынды 40%-ке азайта отырып, Арал теңізіне түсетін су көлемін ұлғайтамыз.

Осы бағдарлама аясында «Көкарал» бөгетінің төменгі жағында гидрологиялық және орманмелиоративті жұмыстарды жүргізуді қарастырамыз.

Бұл сулы-батпақты алқапты қалыптастыру есебінен Арал өңірінің экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді (2005 жылдан бері Кіші Арал теңізі көлемінде 27 млрд текше метр, бөгетінен төмен қарай бағытқа 30 млрд текше метрден астам су), сондай-ақ, Арал теңізінің құрғаған табиғатына сексеуіл отырғызуға және теңіздің шығыс жағалауында елді мекендерді құмның басыуынан қорғайтын жасыл белдеу құруға мүмкіндік береді.

Осы бағдарламада Сырдария өзені бассейнінде автоматтандырылған су есептеу жүйесін құруды қарастыруды көздеп отырмыз.

Сонымен қатар, Сіздер білесіздер, Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында біз облыста тағы да екі су қоймасы – «Қараөзек» және «Күміскеткен» су қоймалары құрылысының мәселелерін әзірлеудеміз.

«Қараөзек» су қоймасы 1,5 млрд текше метр суға дейін жинақтайды, яғни, жыл сайын Үлкен Арал теңізіне қайтарымсыз жіберіліп жатқан, су аз кезеңдегі егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуге болатын 3 млрд текше метр судың жартысын сақтауға мүмкіндік береді.

Был жобаның техникалық-экономикалық негіздерін (РБ) әзірлеу аяқталып, содан соң жобаның тікелей өзін (ЖСК) әзірлеу басталады.

Шиелі ауданындағы «Күміскеткен» су қоймасы 600 млн текше метрге дейін су жинақтайтын болады. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалып, әрі қарай қаржыландыру үшін Су ресурстары жөніндегі комитетке жолданды.

Біз ерекше назар аударып отырған келесі мәселелер тобы – жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту.

Өздеріңіз білесіздер, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көшу бойынша дайындық жұмыстары аясында біздің тұрғындарымыздың қаншасы әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топта тұратынын анықтау үшін аула бойынша аралап, тексеру жүргіздік. 2018 жылдың басында облысымызда 97 538 толыққанды жұмыспен қамтылмаған және жұмыссыз азаматтар бар екендігі анықталды. Бұлар – өздеріңіз зейнетақы төлемдерін, медициналық қызметтер мен әлеуметтік сақтандыруды алу мүмкіндіктерін айырып отырған тәуекел тобындағы азаматтар.

Аталған санаттағы азаматтар үшін біз «2018-2019 жылдарға арналған өзін-өзі жұмыспен қамтылған тұрғындарды рәсімдеу Жол Картасын» қабылдадық. Біз алдағы 2 жылда өзін-өзі жұмыспен қамтылған және жұмыссыз 97 мың облыс тұрғынын рәсімдеу мен жұмысқа орналастыруды міндет етіп қойып отырмыз.

Соған қарамастан, олардың арасында өкінішке қарай, жұмыс істемей, әлеуметтік жарнаны өз бетінше төлегісі келмейтіндер де бар екендігін мойындауға тиіспіз. Барып тұрған масылдық! Ондай адамдар бізде 15 мыңнан асады. Дегенмен, бұл санаттағыларды да жігерлендіру және түсіндіру арқылы қажетті жұмыс жүргізілуде.

2018 жылдың 6 айындағы жұмыстардың қорытындысы: 7000-нан астам адам жаңа жұмыс орындарына орналастырылды, 20400-ден астам адам нәтижелі жұмыспен қамтылды, 20000-ға жуық азаматтың қызметі заңдандырылды, олардың 17000-ға жуығы жұмыс берушілермен еңбек келісім-шарттарын жасасты және 3000-нан астам адам мемлекеттік кіріс органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, өз кәсіптерін бастады.

Соның нәтижесінде, жыл басынан бері бізге өнімсіз жұмыспен қамтылған және жұмыссыз ретінде тіркелмеген адам санын 27 мыңнан астамға азайтуға жол жеткіздік және бұл көрсеткішті 70 мыңға жеткізу көзделіп отыр. Бұл – біздің екінші

жартыжылдықта жұмыс жасайтын контингентіміз.

Әрине, бұл жерде шағын және орта бизнесті дамыту үлкен рөл атқарады. Ол – әлеуметтік аз қорғалған адамдардың санын азайтудың өте тиімді тәсілі.

Сондықтан да, біз 2014 жылы өзінің икемді кепілдік саясаты бар, әсіресе, ауылдық жерлердегі жұмыссыздарды несиелестіретін Аймақтық инвестициялық орталық құрудық. Бірнеше жылдан бері Аймақтық инвестициялық орталықты қаржыландыруға облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлініп, шағын бизнестің 280 жобасы қаржыландырылды және 540-тан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды.

Өздеріңіз білесіздер, әкімдіктің, мәслихаттың, «Нұр Отан» партиясы филиалының, Қоғамдық кеңестің және «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының бірлескен шешімімен 2018 жыл облысымызда «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жарияланды.

Біз кешенді «Жол картасын» әзірледік, соның нәтижесінде ағымдағы жылы барлық қаржы көздерінен 32 млрд теңгеден астам қаржы бөлу көзделуде.

Өткен маусым айында облыстың барлық аудандарын жұмыс сапарымен аралап шығып, аудан басшылары мен жауапты қураторлардың шағын кәсіпкерлікті дамыту жоспарларымен танысып, жұмыстарын тыңдадық. Айта кету қажет, қабылданған шаралардың алғашқы нәтижелері байқалуда. Ағымдағы жылы облыста жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілер 11%-ке көбейді. Аталған көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы аймақтар арасында көш бастап тұр.

Халықты жұмыспен қамту мәселесін кәсіпкерлікті дамыту, оқыту және басқа да белсенді шаралар арқылы шешуге ықпал ете отырып, сонымен қатар, бүгінгі күні жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарды пайдалану еңбекпен барлық мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қамтамасыз етуге де барыныша күш салып жатырмыз.

Енді бюджетке қатысты. Өткен жылмен салыстырғанда биыл мемлекеттік бюджетке салықтар мен төлемдердің түсімінің 34%-ке артуын экономикадағы оң динамиканың нәтижесі деп бағалауға болады. Оның ішінде жергілікті бюджет көлемі 48%-ке артты.

Бүгінгі таңда облыс бюджеті 250 млрд теңгеден асып түсті. Естеріңізде болса, біз жыл басында бекіткен бюджеттің көлемі 220 млрд теңге болатын. Қызылорда облысы бюджетінің тарихында бұндай көрсеткіш алғаш рет болып отыр. Ол 2013 жылғы бюджеттен 71 млрд теңгеге, өткен жылдың бюджетінен 26 млрд теңгеге көбейген. Бұл біздің әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік берді: ауылдық елді мекендерде жолдар мен көшелер құрылды, Қызылорда қаласында сол жағалауды дамыту қолға алынды, шағын және орта бизнесті дамытуға, оның ішінде «Байқоңыр» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясын кластерлік дамытуға, мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамытуға салаларды цифрландыруға қаржы бөлінді. Сөйтіп, маңызды деген бірқатар мәселелер өз шешімін тапты.

Бұған қосымша, ағымдағы жылы облыс аумағында 41 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. Олардың 20-сын біз уақытлы қаржыландыру нәтижесінде пайдалануға бердік. Қалған 10 нысаны біз жыл аяғына дейін пайдалануға беріп, ал, 11-нің құрылысын 2019 жылы аяқтаймыз.

Бюджет демекші, Төртінші деңгейлі бюджетті енгізу маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Өздеріңізге мәлім, 2017 жылдың 1 қаң-

тарынан бастап халық саны 2000-нан асатын 65 елді мекеннің дербес бюджеті бекітілген болатын. Ауыл әкімдері ауылдың дербес бюджетін 19 бағыт бойынша жоспарлап, игеретін болады.

Олардың ішінде көгалдандыру, көркейту, мектепке дейінгі жұмыссыздарды несиелестіретін жолдардың жаңғырту және салу, сондай-ақ, басқа да бағыттар бар.

Сол себепті, жергілікті әкімдердің тарапынан жұмыстың белсенді жүргізілуі бюджет қаржысын тиімді әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз етеді. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда кейбір әкімдердің қызметі жиі көтеріледі. Аудан, қала әкімдіктері тарапынан тиісті

отбасынан шыққан тұлғалар үшін облыс әкімінің 100 гранты бөлінеді. Бүгінде мұндай гранты иеленушілердің саны 700 адамға жетті.

Биылдан бастап облыс әкімінің грантын 2 есеге өсірдік. Олардың 70%-і ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтарға бөлінетін болады.

Сонымен бірге, жыл сайын Қазанның «Иннополис» университетімен қызылордалық балаларды оқыту туралы келісім жасалды. Мәскеудегі «Сколково» инновациялық орталығымен ынтымақтастық орнатылуда.

Ағымдағы жылдан бастап М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің «Крибика» математикалық

Биыл да қорытынды жаман болмас деген ойдамыз.

Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша орташа балл 85,82-ні көрсетті, бұл былтырғы (82,4) көрсеткішпен салыстырғанда 3,5 балға жоғары. Сонымен қатар, биыл 100 балдан жоғары жинаған оқушылар қатары да былтырғы жылмен салыстырғанда (20%) өсіп, 23,8%-ке жетті. Бірнеше жылдан бері біздің аймақ ҰБТ көрсеткіштері бойынша алдыңғы бес облыстың қатарына кіреді.

Өкінішке қарай, жоғары оқу орнына түсуге қажетті 50 балды жинай алмаған тұлғалар де бар. Биыл олардың саны 113 адам, бұл жалпы Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғандардың 2,3%-і. Былтырғы жылмен салыстырғанда, жоғары оқу ор-

іске асырылып келеді.

Қазір тұрғындардың өлім көрсеткішінің 52 процентін құрап отырған аурудың 5 тобы бойынша 5 «Жол картасын» жүзеге асыру келеміз. Бұл жұмыстар 2020 жылға дейін іске асырылады.

Белгіленген мерзімге дейін аурулар бойынша көрсеткіш саны нөлдік межеге төмендейді деп үміттенеміз.

Біз биыл Арал қаласында бюджет есебінен салынған 150 төсектік аудандық аурухана пайдалануға береміз және Жаңақорған кентіндегі 250 келушіге арналған емхана құрылысын аяқтауға тырысамыз.

Шиелі ауданындағы Шиелі кентінде 150 орындық аудандық аурухана, Қармақшы ауданының III Интернационал ауылында 10 төсектік аурухана құрылысын жүргіземіз. 2019 жылы екі нысан да пайдалануға беріледі.

Күн тәртібінде – Жалағаш ауданындағы апатты аурухананың орнына жаңадан аурухана салу.

Денсаулық сақтау саласы біздің жұмысымыздың басым бағыты болып келді және бола да береді.

Спорт саласы туралы да айта кетейік. Біз бұл бірден 8 нысанды іске қосуды жоспарлап отырмыз. Оның 3-і – Жаңақорған ауданындағы Түгіскен ауылында Арал ауданындағы Сексеуіл кентінде және Қармақшыдағы Төретам ауылында денешынықтыру-сауықтұру кешендері пайдалануға берілді. Қалған бес нысанның құрылысын жыл соңына дейін аяқтаймыз.

Осы жылдың 6 айында біздің спортшыларымыз ҚР чемпионаттарында 865 медаль (280 алтын, 267 күміс және 318 қола) иеленді. Азия мен Әлем чемпионаттарындағы табысымыз 50 медаль (17 алтын, 23 күміс, 10 қола) болды.

26-29 шілде күні Қызылорда қаласында VI облыстық спорттық халықтық ойындар өтті. Жарыс жеңімпаздары күзде Ақтау қаласында өтетін VI республикалық ойындарға қатысып, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жүлдесі үшін сайынатын болады.

Тамыз бен қазан айының аралығында әлемдік деңгейдегі екі үлкен дода – Джакарта (18 тамыз-2 қыркүйек) қаласында өтетін жарыс Азия ойындары, 6-18 қазан аралығында Буэнос-Айресте болатын Жасөспірімдердің олимпиадалық ойындары тұр.

Жерлестеріміз жазғы Азия ойындарына әзірше 4 жолдама алды. Ал, олимпиада ойындарына байдарка мен каное есуден Диас Бахраһи қатысады.

Біз жерлестеріміздің жеңіспен оралатынына сенеміз. Қоғамдық санағын қалыптастыру мақсатында құндылықтар үлкен ықпал етеді.

Мәдениет саласын дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екендігін жақсы білесіздер.

Соңғы 5 жылда облыстағы мәдениет саласының бюджеті 2 есе өсті.

Биылдың өзінде Жалағаш ауданындағы Мәдениет ауылында, Шиелі ауданындағы Еңбекші елді мекенінде 150 орындық ауыл бузылуынан қолданысқа бердік.

Алдыңда айтып өткенімдей, Сырдария өзенінің сол жағалауында бұрынғы Қазақ Орталық атқару комитеті ғимаратының сызбасы бойынша ғимараттың құрылысы аяқталып, онда «Қала тарихының музейі» мен аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығы орналасатын болады. Музейдің залдарына босанушылардың өз денсаулығына селсоқ қарауы себебінен болды дегенмен, шынтуайтына келгенде, мұндай жағдай мүлде орын алмайды керек! Қалай болғанда да дәрігерлердің де кінасы бар!

Естеріңізде болса, бірнеше жыл қатарынан біздің аймақта жиі кездесетін ауру түрлері бойынша арнайы «Жол картасы»



Қызылорда облысында ағымдағы жылдың 6 айында 7102 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның 5 800-ден астамы тұрақты болып табылады. 2018 жылы кемінде 10 мың тұрақты жұмыс орнын құру жоспарланып отыр



2018 жылдың 6 айында Қызылорда облысындағы балық өнімдерін экспорттау 32%-ға артты.

бақылау-қолдау жетпейді. Білім саласында биыл 15 нысан пайдалануға беріледі. Жыл басынан бері 4 мектеп және 6 балабақша пайдалануға берілді. Тағы 4 мектеп және балабақша екінші жартыжылдықта пайдалануға беріледі.

Білім берудің сапасын арттыру жұмыстары өз жалғасын тауып келеді. Біз 2014 жылдан бастап мектеп тұлғаларын мақсатты түрде үздік отандық және ресейлік жоғары оқу орындары мен колледждерге жіберіп келеміз.

Алғашқы 62 студентіміз осы айда Ресейдің маңдайалды инженерлік оқу орындарының дипломдарын алып, елге оралады, олардың ішінде 13 тұлке магистратурада оқуларын жалғастыруды жоспарлап отыр.

Біз бұл жастарға айрықша үміт артамыз. Облыстың бірқатар кәсіпорындары тұлғаларды жұмысқа қабылдауға дайын.

Мысалы, «КазАтомПром» кәсіпорны 11 жаңа жас маманды, ал, «Гезуба Шиелі Цемент» кәсіпорны 8 адамды жұмысқа қабылдауды жоспарлап отырса, «СКЗ-У» күкірт қышқыл зауыты, Қызылорданың аз тонналы мұнай өңдеу зауыты, «Кристалл менеджмент» және басқа да ірі кәсіпорындар тұлғаларды жұмысқа қабылдауға тілек білдіріп отыр. Бірқатар тұлғалар мемлекеттік қызметтің қадірлік резервине алынатын болады.

Өздеріңізге мәлім, жыл сайын ауылдық жерлердегі көпбалалы және тұрмысы төмен

модельдеу» мамандықтары бойынша Қызылорда жастарына магистратурада оқу үшін 20 грант бөлінгенін атап өткім келеді. Бұған қосымша үстіміздегі жылдың шілде айының басында біз Астанада ЕвразЭС-тің парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университетпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық. Оның құрамына 3 институт, 4 факультет, 17 кафедра кіреді.

Жоғары оқу орнының негізгі мамандықтары «Юриспруденция», «Сервис», «Туризм», «Экономика», «Менеджмент», «Көден ісі», «Жарнама және жұртшылықпен байланыс», «Конфликтология», «Дизайн», «Декоративті қолөнер және халықтық кәсіпшілік», «Сауда ісі», «Психология». Бізге қажеті де осы!

Қазір – қабілеттілікке қол жеткізетін ең қажетті деген маман кадрларды дайындау заманы. Біздің өрендеріміз білім алатын университеттің жаңа бағыттарының бірі – бизнес-информатика. Осы мамандық аясында цифрлы экономиканың дамуы кезінде маңызды болып отырған блокчейн және крипто-валютаны меңгеретін болады.

Университет жыл сайын түсу емтихандарын сәтті тапсырған Қызылорда облысының тұлғаларына 10 білім беру грантын бөлетін болады.

Осы жылы тұлғаларымыздың жоғары және арнайы оқу орнына түсу көрсеткіші қандай боларын әзірше білмейміз. Былтыр бұл көрсеткіш 97%-ке жетті, бұл – мақтануға лайық көрсеткіш.



2018 жылдың I жартыжылдығында Индустрияландыру картасы жобалары бойынша өндірілген өнім экспорты 37%-ға артты.



Қызылорда облысында 2018 жылдың 6 айында 228 мың м² тұрғын үй пайдалануға берілді.



Қызылорда облысында 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында ауданы 2 гектар жерге испан технологиясы бойынша жылжымай құрылысын бастады. Мұндағы барлық технологиялық процестер автоматтандырылды.

# ЫНТЫМАҚ – ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ, ЫҚЫЛАС – ЕҢБЕК ТЫНЫСЫ

Егер естеріңізде болса, Сіздердің қолдауларыңызбен, бұл жобаны біз облыстық бюджеттің қаражаты есебінен іске асырды, бұл – Мемлекет басшысының, кезінде облысты және Солтүстік Аралды сақтау туралы шешімінің дұрыс екендігінің дәлелі. Бір кездері келешегі жоқ, қолайсыз облыс болып саналған Қызылорда Елбасының, Үкіметтің қолдауымен жерлеріміздің қыруар еңбегінің арқасында бүгінгі күні белсенді дамып отырған экономикасы бар аймаққа айналды.

Осы жылдың 11 шілдесінде біз Мемлекет басшысынан Астананың мерейтойына байланысты құттықтау алдық, онда Елбасымыз Сыр елінің барлық тұрғындарына Елордаға жасаған ерекше сыйлығы үшін, Астана қаласының гүлденуі мен дамуына қосқан қомақты үлесі үшін алғысын білдірді.

Сыр өңірінің мәдениеті мен өнерін танымал ету, алыс және жақын шетел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту мен мәдени ынтымақтастықты дамыту мақсатында бірқатар ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ағымдағы жылдың наурыз айында облыстық филармонияның шығармашылық ұжымының Ресей Федерациясы Орынбор облысының қалалары мен аудандарында гастрольдік концерттері өткізілді. Қазақстан Республикасы Елшілігінің қолдауымен Ұлыбританияда «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі Лондондағы «Наурыз мейрамы» мерекелуге қатысты, «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының ұйымдастыруымен Түркітілдес халықтардың халықаралық фестивалі аясында Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі Түркияның төрт қаласында өнер көрсетті.

Белгілі әнші, композитор, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер Батырхан Шокеновтің есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында Қызылорда қаласының орталығындағы өз атындағы саябақта ескерткіші орнатылды.

«Қазақстанның киелі жерлері» жобасының бірінші кезеңі іске асырылып, нәтижесінде облыстың 12 ескерткіші «Жалпыұлттық киелі жерлер» кітабына, 35 нысан «Өңірлік киелі жерлер» кітабына енгізілді. Сығанақ, Жанкент, Сортобе, Қышқала және Бәбші мола қалашықтарындағы археологиялық қазба жұмыстары жалғасын тапты.

«Қызылорда облысындағы тарихи-мәдени мұралардың нысандарының интерактивті картасын 3D форматта жасау» жобасы бойынша жұмыстар басталды. Жұмыстарды қараша айында аяқтау жоспарланған отыр.

Орталық мемлекеттік органдардың Қызылорда қаласында Ұлттық өнер академиясын құру жобасы келісілуде.

Бұл – мәдени мұраларды дәріптеу және ұлттық кодты сақтау үшін облысымызда жасалып жатқан игі істердің бір бөлігі ғана.

Мемлекет басшыларының тапсырмаларын орындауда Ресей Федерациясымен бірлескен жұмыстар жүргізу нәтижесінде ғарыш айлағы мен Байқоңыр қаласының перспективалық дамуы мәселелерін шешу бойынша біз алға жақсы жылжыдық.

«Бәйтерек» бірлескен зымыран кешенін құруда «Зенит-М» инфрақұрылымдарының нысандарын Ресей Федерациясынан жалға алумен шығару және қазақстандық тарапқа тапсыру рәсімі жүріп жатыр. Медицина мәселелері мен жер учаскелерін жалға алумен шығару бойынша келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаларға қол қойылды, Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасы әзірленді.

Байқоңыр қаласында тұрғын 3-бет



Ағымдағы жылы аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан, ауылдық жерлерде тұратын 205 дарынды бала еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік алып, облыс әкімінің грантына ие болды. Биыл алғаш рет медициналық жоғары оқу орындарында бакалавриатқа грант бөлінді.

үйлердің құрылысы басталды, қалалық су құбырлары мен кәріз жүйелерін қайта құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жүріп жатыр, қаланың тұтынушылары қазақстандық табиғи газға ауыстырылуда.

Сонымен қатар, қаланың серпінді дамуы үшін үшінші елдерден ауқымды инвестициялар тарту қажет.

Өзекті мәселелердің бірқатарын алда өтетін Үкіметаралық комиссияның 6-отырысында қарар үшін өз ұсыныстарымызды әзірледік, ол жайлы ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Маминнің «Роскосмос» ғарыштық қызмет жөніндегі мемлекеттік корпорациясының жаңа бас директоры Д.О.Рогозинмен 9 шілдеде жұмыс кездесуі барысында баяндалды.

Біріншіден, әзірленген Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасында бизнесті дамытуға қолайлы жағдайлар жасау, қала экономикасын әртараптандыру үшін инвестициялар тартуға «Байқоңыр» кешенінің аумағында айрықша экономикалық аймақ құру мүмкіндігі қарастырылуы қажет.

Екінші. Біз ресейлік тарап жалға алушы ретінде қаланың инфрақұрылымын қамтамасыз етіп, ұстап тұруға және тұрғындарға қолайлы жағдайлар жасауға, ал қазақстандық тарап меншік иесі ретінде қаланың тіршілігінде нысандардың қайта жаңғыруына, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды салуға жауап беруді деп шартты түрде келіскен Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасын келісімізнен өткіздік.

Және осы бағытта нақты жұмыстарды бастадық. Қала әкімшілігі «Роскосмостың» қолдауымен қаланы бағдантыру, жолдарды жөндеу, тұрғын үйлерді газдандыру бойынша жұмыстарды бастады.

Облыс әкімдігі Үкіметтің қолдауымен 5 көпқабатты үйінің құрылысын бастады, су және кәріз құбырлары желілерін коммуналдық меншікке қабылдады және оларды қайта жаңғырту бойынша техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жүргізіліп жатыр, қазақстандық мектептер мен ауруханалар газдандырылды.

Аталған жұмысты жүйелі негізде жалғастыру үшін қаланы дамытуды қаржыландыру көздерін Ресей тарапынан да, Қазақстан тарапынан да нақтылау қажет.

Үшінші. Біздің қазақ тілді мектептерді қазақстандық стандарттарға ауыстырғанымызды білесіздер.

Бірақ, Байқоңыр қаласында Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын

1500-ден астам бала Ресей стандарттары бойынша орыс тілді мектептерде оқиды, осыған орай қазақстандық білім беру стандарттары бойынша орыс тілінде оқытатын мектептер ашу қажеттілігі туындайды.

Бұдан басқа, 2700-ден астам қазақстандық бала ресейлік балабақшаларда тәрбиеленіп жатыр. Қазақстандықтар балабақшада үш тілді үйренеді, ал, келесі жылдан бастап латын әліпбиін зерделеуді енгізу жоспарланып отыр.

Байқоңыр қаласының әкімшілігімен бірлесіп, аталған мәселені шешудің 2 нұсқасын қарастырып жатырмыз:

1) оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептердің бірін қазақстандық оқыту стандартына ауыстыру;

2) қазақстандық тараптың қаражаты есебінен жаңа мектеп салу.

Енді тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында қандай жұмыстар жүргізілгені, алда тұрғын міндеттерге тоқталып өтсек.

Ағымдағы жылдың басынан бері 228 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Былтырғы жылғы осы кезеңде пайдалануға берілген тұрғын үй көлеміне биыл аз дап жетпейтіндігін бұған дейін де айттық өттім. Дегенмен, бүгінде Қызылорда облысының аумағында 1726 пәтерлік 42 көпөтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның кем дегенде 36-сын ағымдағы жылы пайдалануға береміз, оның ішінде Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауында бірден-бір шағын аудан – 16 көпөтерлі тұрғын үйді беруді жоспарлап отырмыз.

Сондықтан, біз ағымдағы жылы 2017 жылға қарағанда кем түспейтін 667 мың шаршы метр тұрғын үйді қолданысқа енгіземіз деп есептеп отырмыз. Естеріңізге сала кетейін, былтырғы жылы тұрғын үй құрылысының көлемі бойынша біз Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облысы сияқты ірі қалаларды басып оздық.

Быылғы міндетіміз – облысымыздағы халықтың әлеуметтік осал топтарын мейлінше қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету. Осы мақсатта 2017 жылы біз «Орда» тұрғын үй құрылысының жол картасын әзірледік. Бірінші болып бағдарламаның игілігін апатты жағдайдағы тұрғын үйлер мен жатақхана тұрғындары көреду.

Жеке тұрғын үй құрылысына алаңдар дайындауды жалғастыра береміз.

Ағымдағы жылы инженерлік-коммуникациялық инфрақұ-

рылымның құрылысы бойынша 40 жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз (9-ы Қызылордада, 4-і Арал ауданында, 15-і Қазалыда, 2-і Қармақшыда, 1-і Сырдарияда, 6-ы Шиеліде және 3-і Жаңақорған ауданында).

Ағымдағы жылдың 6 айында 21,3 км инженерлік желілерді енгіздік, жылдың аяғына дейін 495 км енгізуді жоспарлап отырмыз.

Облысты газдандыру жобасы бойынша жұмыстар жалғасуда. Қармақшы ауданының Жосалы кентінде автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысы аяқталып, кварталарлық газ құбырларының құрылысы бойынша жұмыстар басталды.

Сырдария және Жалағаш аудандарында газ тарату стансасын орнату мен жобаның іске асырылуына республикалық және облыстық бюджеттен ағымдағы жылы 1,2 млрд теңге бөлінді, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

Сондай-ақ, кварталарлық газ құбырларының құрылысы бойынша жобалық сметалық құжаттамалар әзірлеп жатырмыз.

Сырдария өзенінің сол жағалауында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы бойынша ауқымды жұмыс орыс алды.

Екінші жартыжылдықта Қызылорда қаласының сол жағалауына газбен қамтамасыз ету, электрмен қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету және су тарту бойынша алғашқы жобаларды іске асыруды аяқтаймыз. Бұйырса, келесі жылы үш жаңа шағын ауданның құрылысына кірісеміз.

Жалпы «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде ағымдағы жылы 72 км су құбырын және 4,5 км кәріз желісін қайта жаңғыртуды жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы Сырдария ауданындағы Қалжан ахун, Жалағаш ауданындағы Шәменов және Мырзабай ахун елді мекендеріндегі су құбырлары желілерінің құрылысы жалғасуда.

Сумен қамтамасыз етуге қатысты көп жылдар бойы Жаңақорған кенті жалғыз проблемалық орталық болып қалып келеді. Сондықтан, өткен жылдан бері 193 км су құбырлары желілерін ауыстыруды қарастыру шеңберінде құны 4 млрд теңгеден астам жобаны іске асыру басталды. Бүгінгі күні 163 км желі салынды, қалған 30 км құрылысты ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтаймыз. Осылайша, сумен қамтамасыз ету проблемасын бұл елді мекендерде толықтай шешетін боламыз.

Бұдан басқа, Өздеріңіз білесіздер, өткен жылдың маусым айынан бастап облысымызда

дейін біздің облыста 37 жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Осы жылдың қыркүйегінде мектепке дейінгі білім беру үдерісін автоматтандыру үшін облыстағы барлық мектепке дейінгі ұйымдарды «Электронды балабақша» электронды жүйесіне ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі күні бұл жүйемен әзірге 37,2% мектепке дейінгі қалалық ұйымдар ғана қамтылып отыр. Қазіргі таңда бұл жүйені облыс аудандарында да енгізу бойынша жұмыс жасаудамыз.

Ата-аналардың сәбиін дүниеге келісімен, бірден үйден шықпай-ақ балабақшаға кезекке қою, кезектің жылжуын қадағалау, сонымен қатар, балабақша қызметтерін электронды жүйе арқылы төлеу мүмкіндігі пайда болады.

Жалпы білім беру мекемелерінде «Күнделік» электронды журналына қошу жүзеге асырылады. Ақпараттық жүйемен қамту қазіргі уақытта 82,3%-ті құрайды. Ағымдағы жылдың қыркүйек айына дейін барлық мектептер интернетке қосылады, бұл аталған ақпараттық жүйеге 100% қосылуды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, 92 мектепті және 9 оқушылар сарайын «3D-модельдеу» жинтықтарымен жабдықтау іске асырылып жатыр. IT IMAQORDA ресурстық-әдістемелік орталығы ашылды. Аталған жоба бойынша қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу бойынша рәсімдер жүргізілуде. 2018 жылғы 1 қыркүйекке дейін жабдықты жеткізу және орнату жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

Денсаулық сақтау саласындағы облыстық барлық медициналық ұйымдары Кешенді медициналық ақпараттық жүйесіне қосылған. Пациенттерді қабылдау «Дамумед» мобильдік қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Электронды денсаулық паспорты (99,6%), пациенттің жеке кабинеті (29,1%) және электронды жазбасы (79,4%) жүргізіледі.

Осы жылғы 1 шілдеден бастап медициналық ұйымдарды «қағазсыз құжат айналымға» көшіру бойынша жұмыстар басталды. Осылайша, жылдың аяғына дейін 62 құжат электронды форматқа ауыстырылды.

Жедел медициналық жәрдем бригадасының барлығы (74 бірлік) «Кемек» ақпараттық жүйесінде жұмыс жасау үшін GPS навигаторлармен жасалған және облыстық емханалармен біріктірілген.

Компьютерлік техникамен жабдықталу – 80%, интернетке қолжетімділік – 78%, жылдың аяғына дейін интернетпен қамтамасыз ету және оған қосылу 100% болады.

Сонымен қатар, облыстық медицина орталығында «Телемедицина» (пациенттерге шыннай уақыт режимінде қашықтан кеңес беру және диагностика) және «Біріктірілген операциялық жүйені орнату» жобалары жүзеге асырылады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында «Ақылды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы» жобасын іске асыру үшін мәліметтерді жіберу, есепке алу құрылысымен жабдықтау бойынша Қызылорда қаласы Есім хан көшесіндегі 6 көпқабатты үй анықталды.

Жалпы, үйді есепке алу құрылыстары тандалған үйлерді көрсеткіштерін өндірістік интернет арқылы жұмыс жасайтын «Е-шаңырақ» бірінші интеллектуалдық жүйесіне жолдап отыратын болады.

Коммуналдық қызметтерді төлеу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған «Бірнәзік төлем құжаты» жобасы іске асырылды. Бүгінгі күні ол Қызылорда қаласында 85 мыңнан астам

тұтынушыны қамтып отыр. Көлік саласында үлкен сыйымдылықтағы 120 автобус бейнекамералармен және GPS-құрылғылармен жабдықталған. Оларда мемлекеттік-жеке серіктестік шеңберінде электрондық билет беру жүйесі енгізілетін болады.

Қызылордадағы «Салтанат» ЖШС-ның автовокзалында автоматтандырылған есеп жүйесі енгізілуде. Қазір жабдықты жеткізу жұмыстары жүріп жатыр.

Қызылорда қаласындағы 11, 17 және 18-бағыттардағы аялдамаларға ақпараттық таблоларды орнату бойынша пилоттық жоба басталды.

Қауіпсіздік саласы бойынша мемлекеттік-жекеменшік серіктестік шеңберінде жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын анықтау үшін 31 интеллектуалды камераны (9 жылдамдық өлшеуі және 22 «Интегра-КДД» жол қозғалысын бақылаудың интеграциялық-интеллектуалдық жүйесі) іске қосу жоспарлануда.

Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірінші тіркелімімен жұмыс жасауға жергілікті полиция қызметіне 117 жинтық планшет пен термоминтер сатып алынатын және электрондық қылмыстық істі енгізу үшін 92 автоматтандырылған жұмыс орны ашылатын (Қызылорда қаласының полиция бөлімі үшін 80 жинтық және Шиелі АІБ үшін 12 жинтық болады. Бүгінгі күні әлеуетті өнім берушілер анықталып, жабдықты жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

Бұрын айтып өткенімдей, ауыл шаруашылығы саласында тұтынушылар мен ауыл шаруашылық тауарларын жеткізушілердің қажеттіліктерін бағдарланған, тауарларды дельсиз тиімді бағамен сатып алуға мүмкіндік беретін, сондай-ақ, интернет арқылы ауыл шаруашылығы өнімдері туралы толық ақпарат алуға болатын «Агробриж» жобасы жүзеге асырылуда.

Кәсіпкерлік саласындағы мобильдік қосымшалар мен «Open kasipek» сайты кәсіпкерлерге арналған қызметтер мен шарттар туралы халықтың ақпараттандырылуын арттырады және кез келген ақпаратты алуда қажетсіз кезектерді азайтады.

Геоақпараттық онлайн-сервис облыстағы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының кәсіпкерлерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға, рұқсат құжаттарын алу уақытын қысқартуға және монополиялық ұйымдардың жеке-дара кіруін болдырмауға бағытталған.

Бұған қоса жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділігін арттыру және оңтайландыру, тәртіпті және олардың жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету, сыйбалас жемқорлықты және басқа да құқық бұзушылықтарды болдырмау, кадрлардың қолданатын резервтерін дайындау бойынша қосымша шаралар қабылданып келеді.

Менің бүгін Сіздерге баяндағым делген негізінен осы. Бұл, әрине, аймақта шешіліп жатқан мәселелердің барлық спектрі емес. Сонымен қатар, қалыптасқан дәстүр бойынша облыстық мәслихаттың әрбір отырысында Сіздерге облыста өткізілетін барлық іс-шаралар туралы хабарлаймыз.

Қорытындылай келе, Аймақты дамыту бағдарламасында облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сипаттайтын жылдың соңына дейін қол жеткізуге тиіс 121 индикатор қаралғаны айтық келеді. Барлық осы сан алуан жұмыстың нәтижелерін қорытындылайтын ең негізгісі, бұл өңірлік өнімнің физикалық көлемінің индексі болып табылады. Оны 100,4%-ке жеткізу – 2018 жылға міндет. Ағымдағы жылдың 6 айының нәтижелерін талдай келе, бұл міндет күрделілігіне қарамастан, қолдан келетінсіз осы.



2018 жылдың 1 жартыжылдығындағы Қызылорда облысының ауылшаруашылық өнімдерін экспорттау бойынша өсім 66%-ды құрайды.



2018 жылдың 6 айында Қызылорда облысында 250 қосалқы шаруашылық біріктірілген 18 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылған.



Қызылорда облысы бойынша индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асқан 22 жобаның 16-сы өндіріс қуатын игерді. Былғы жылдың бірінші жартысында Индустрияландыру картасының жобалары бойынша өндірілген өнім көлемі өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға өсті

# МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕЖЕСІ

Мәжілісте кәсіпкерлікті дамыту арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі де шет қалмады. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Бақытжан Намаев бизнесті дамытуға, оның ішінде стартап жобалар үшін несиелік ресурстарға қолжетімділік айтарлықтай жеңілдетілгенін тілге тиек етті. Расында, өңірде кәсіпкерлік өрісі кеңейген. Бүгінде кәсіпкерлік субъектілері 11%-ке көбейіп, аталған көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы аймақтар арасында көш бастап тұр. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде облыста 30 млрд теңгеден астам қаржыға 73 жоба жүзеге асырылған. Сонымен қатар кәсіпкерлік саласындағы мобильдік қосымшалар мен «Орен кәсіпкер» сайты, ауыл шаруашылығы өнімдері туралы толық апарат алуға болатын «Агробиржа» жобасы және электронды билет беру жүйесі мен аялдамаларға ақпараттық таблолар орнату бойынша пилоттық жоба басталған. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына сәйкес, әр жылда инновациялық грант та ұсынылады. Бұл жоғарыда аталған басқарма тарапынан ұйымдастырылады. Халықтың әлеуметтік өміріне түбегейлі өзгеріс әкелетін бұл жұмыстар алдағы уақытта қарқынды жалғасуды.

Заманауи технологиялар көмегімен қызмет сапасын жақсартып, оны электрондық форматқа ауыстыру да тұрғындарды әуре-сарсаңдан құтқарып, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасы

басшысының орынбасары Баян Боранбаева тарапынан айтылған.

– Цифрландыру – жаңа дәуірге қадам. Бүгінде денсаулық сақтау саласындағы облыстың барлық медициналық ұйымдары кешенді медициналық аппараттық жүйесіне қосылған. Жыл соңына дейін облыстың интернет пайдаланушы тұрғындарының 30%-ін мобильдік қосымшамен қамту жоспарланатын отыр. Пациенттерді қабылдау «Дамумед» мобильдік қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. 1 шілдеден бастап медициналық ұйымдарды «Қағазсыз құжатайналымға» көшіру бойынша жұмыстар басталды. Осылайша, жыл аяғына дейін 62 құжат электронды форматқа ауыстырылады, – деді Б.Боранбаева.

Келесі кезекте облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов аймақта құрылыс саласындағы отандық тауар өндірушілердің тізілімін тұрақты түрде жаңартып, оларды қолдау туралы ұсынысын жеткізді.

Келесі басқосуды қорытындылаған аймақ басшысы бизнесті өркендету жолындағы жұмыс барысы қатаң бақылауда болатынын қаперге салды. Әсіресе, жұмыссыз және өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған халықтың басындағы мәселені шешудің маңызын ерекше атап өтті. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін жұмыстарды одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Мәлімдер ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

# ОРТАҚ ИГІЛІК ЖОЛЫНДА



Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады», – делінген. Осы тұрғыда облыс әкімі Қырымбек Көшербаев барлық уақытта да депутаттарға қолдау көрсетіп, олардың ұсыныс-пікірлерін ескеріп, арнайы іс-шаралар қабылдап, сессия жұмыстарына үздіксіз қатысып келе жатқанын айта кеткен орынды болар.

Қалыптасқан дәстүрге сәйкес, жыл басындағы облыс әкімі мен депутаттардың кездесуінде депутаттардан шешім күткен мәселелерге орай 35 тақырыпта 133 сауал көтеріліп, оның қаржысы 13 621,6 млн теңгені құрады. Осы айдың басына дейін аталған сауалдар арасында 16 мәселе оң шешім тапты. Қалғандары

облыс әкімінің іс-қимыл жоспарына енгізілген.

Облыс әкімінің өңірмізді бірлесіп өркендету аясындағы көзқарастары мен бастамалары елдің ортақ игілігіне айналуда. Аймақ басшысының бастамасы тұрғындар тарапынан қолдау табуда. Қызылорда қаласында тазалықтың қалыптасуы – осының бір ғана дәлелі.

Санамызда орныққан жанарған жолдар мен инфрақұрылымдар, халық игілігіне беріліп жатқан әлеуметтік нысандар, жаңа жұмыс орындары, әлеуметтік топтарға жасалып жатқан қолдаулар, ұлтмыздың рухын жаңғырту бағытындағы көшелі істер біздің іс-әрекетімізге, сенімімізге қатты ықпал ете бастады. Мысалы, биылғы жылды «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялаудың әлеуметтік маңызын алайық. Кәсіпкерлік еркіндікке, жетістікке бастайтын жол. Ал кәсіпкер – өзгелер үшін қайшылықтар мен түсініксіз жағдайлардан мүмкіндік тани білетін, таба білетін адам.

Биыл шілде айының басында Қызылорда облысы Астанаға зымыранды-ғарыштық техниканы ашық аспан астындағы музейін тарту етті. Елбасымыз «Қазақстанның ғарыш саласында жетекші мемлекеттердің бірі екенін айқындайтын тамаша тарту болды» деген баға берді. Бұл да өз кезегінде қоғамдық санамыздың одан әрі серпілісіне бастайды, ортақ жетістіктерге басымызды біріктіре түседі.

Облысымыздағы осындай ортақ жағымды жаңалықтар жұртшылық тарапынан позитивті ойлауды күшейткені куантанды.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ, облыстық мәслихат хатшысы.

# НАҚТЫ ІС НӘТИЖЕСІ



Аймақта 2018 жылды «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жарияланғаны осы бағыттағы біраз мәселенің оң шешілуіне ықпал етті. Осы мақсат аясында ауылдық жерде микронеселер берудің аясын кеңейту үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығына облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінді. Қазіргі таңда қаржы толықтай игерілді. Мұнан өзге, қосымша жалпы құны 500 млн теңгені құрайтын жобаларға келісім берілді. Аталған жобалар тамақ айналым қаржыландырылады деп күтілуде. Осы жерде атап өтетін жайт, жарты жыл ішінде несиелі алу үшін жалпы құны 8,1 млрд теңгені құрайтын жоба ұсынылды. Салыстыру үшін айтатын болсақ, 2016 жылы берілген

несие көлемі 770 млн теңге, ал ұсынылған жобалар бойынша жалпы қаржы көлемі 2,5 млрд теңге болған.

Егер 2016 жылы бақылау кеңесіне ұсынылған жобалардың 15%-інің кепіл мүлкі болмаса, қазір бұл көрсеткіш тек 3%-ті ғана құрап отыр. Бұл ауыл халқының аталған бағдарламаға деген сенімі арта түскенін аңғартады. Қазір халықтың кәсіптен айналысуға мүмкіндік бар екендігіне көзі жетті. «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» аясында ауылдық округ әкімдерін оқыту жобасы да өміршең бастама. Қазір біз «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығының бақылау кеңесін ашық түрде, аудан әкімі орынбасарлары мен ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен өткізіп жатырмыз. Осы отырыстарда ауыл әкімдерінің белсенділігін, жобаның жүзеге асырылуына деген ынтысқан көрінісін, яғни нәтиже көз алдымызда.

Әр аймақтың негізгі көрсеткіші инвестиция тарту мүмкіндігіне байланысты. Осы бағытта басталған іс нәтижелі болуы үшін бір жылмен шектелмей, қолдау шараларын 2020 жылға дейін жалғастыра деген ұсыныс айтқым келеді. Бұл аймақ бизнесінің дамуына дем беріп, экономикамыздың өркендеуіне әсерін тигізетіні сөзсіз.

Асқар МАХАМБЕТОВ, облыстық мәслихат депутаты, Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы.

1 бет

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ЖАЙЫ АЙТЫЛДЫ

Облыстық мәслихаттың кезекті 21-сессиясы қарсаңында өткен тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында сессияда қаралатын мәселелер ұсынылды. Оның алғашқысы «Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» болды. Отырыс барысында ұсынылған жоспарға өзгертулер енгізілді. Сессияда облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебін жасаптын боландықтан, облыс көлеміндегі бұқаралық спорттың жағдайы мен оны жетілдіру жолдары туралы мәселені талқылау келесі сессияның күн тәртібіне енгізілетіні болып шешілді.

Депутаттар Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының міндетін атқарушы Мейрамбек Сатлабаевтың 2017 жылға облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есебін тыңдады. Хабарламашы атап өткендей, жыл көлемінде облыстық бюджетке нақтылау жүргізілуіне байланысты бюджет бекітілген көлеммен салыстырғанда 14 990,8 млн теңгеге (108,4%-ке) ұлғайып, 192 823,7 млн теңгені құраған. 2017 жылдың қорытындысымен облыстық бюджеттің түсімдері болжамы нақты 192 882,9 млн теңгеге немесе 100,2 процентке орындалып, болжамнан 445,8 млн теңге артық түскен. 2017 жылғы облыстық бюджеттің шығыстарының атқарылуы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 16 840,2 млн теңгеге азайған. Оның ішінде шығындар 9 536,2 млн теңгеге, бюджеттік кредиттер 5 483,1 млн теңгеге, қаржылық активтерді сатып алу 4 006,8 млн теңгеге азайса, қарыздарды өтеу 2 185,9 млн теңгеге көбейген. 2018 жылдың 1 қаңтарына Қызылорда 29 облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жоспарланған 192 823,8 млн теңге шығыстар жоспары 192 595,8 млн теңгеге немесе 99,8%-ке орындалып, 228 млн теңге игерілмеген.

Мұнан соң облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова 2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасының 2017 жылы орындалуы туралы хабарлама жасады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2017 жыл бойы өнеркәсіптің өңдеуші секторында, ауыл шаруашылығында, тұрғын үйлер салуда, аймақтың әлеуметтік дамуына инвестициялар тартуда және де құрылыс жұмыстарын жүргізуде оң тенденциялар қалыптасты. Экономиканың салаларында жыл ішінде 13105 жұмыс орны

құрылды, оның 11561-і тұрақты. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейін республикалық көрсеткіштен төмен 4,8% шегінде ұстап тұруға мүмкін болды. Тұтыну бағалар индексі маусымдық өсімге қарамастан, жыл бойы республикалық орташа көрсеткіштен төмен болды. 2017 жылдың қорытындысымен 106,6% құраса, республика бойынша 107,1%. Оның ішінде азық-түлік тауарларының баға индексі 106,6%, азық-түлік емес тауарларының баға индексі – 108,9%, ал ақшыл қызметтер – 104,4%.

Өткен жылы 59 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізіліп, оның 25-і пайдалануға берілді. 2017 жылы 1983 пәтерлік 47 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізілді, оның ішінде мемлекет қаржысы есебінен пайдалануға берілгені 1600 пәтерлік 36 үй. Облыс және аудан орталықтарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылыс жұмыстары жалғасты. Бұл мақсаттарға республикалық және облыстық бюджеттерден 4 млрд теңге бөлінді, 164 шақырым инженерлік желілер салынды. Облыс орталығындағы апаттық тұрғын үй мәселесі шешілді.

Халық қалаулылары ұсынылған есептерді сессияға бекітуге жолдады. Комиссиялар отырысында депутаттар талқылауынан өткен мәселенің бәрі облыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерін белгілеуге қатысты болды. Облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев бұл жұмыс ауыл шаруашылығы жерлерін үлкен көлемде бір қолға берілуін болдырмау мақсатында жасалып отырғанын және оқ Укіметке ұсынылатынын жеткізді. Содан кейін әр аудан бойынша шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін берілетін егістік, оның ішінде суармалы егістік, шабындық және жайылымдық жерлердің шекті көлемін айтып шықты. Осы орайда депутат Тілеп Ибадулла Қазалы ауданында мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтар үшін тек жайылымдық жерлер ғана көрсетілгеніне назар аударды. Ал малға қысқы азық дайындау үшін шабындық жерлердің болуы да дұрыс. Депутаттар бұл ұсынысқа қолдау білдіргеннен кейін қосымша шабындық жер көлемі де бекітілетіні болып шешілді.

Күн тәртібіндегі басқа да мәселелер бойынша талқылаулар болып, олар сессияға жіберілді.

Ыдырыс ТӨЖІУЛЫ, «Сыр бойы».

# ШЕШІМІН ТАПҚАН ШАРУА КӨП

2017 жылға арналған облыстық бюджет Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №71 шешімімен 177 832,9 млн теңге көлемінде бекітіліп, өткен жылмен салыстырғанда 26 948,7 млн теңгеге артық.

Жыл көлемінде облыстық бюджетке нақтылау жүргізілуіне байланысты бюджет көлемі бекітілген бюджетпен салыстырғанда 14 990,8 млн теңгеге немесе 108,4 процентке ұлғайып, 192 823,7 млн теңгені құрады.

2017 жылдың қорытындысымен облыстық бюджеттің түсімдері болжамы нақты 192 882,9 млн теңгеге немесе 100,2%-ға орындалып, болжамнан 445,8 млн теңге артық түскен. Оның ішінде кірістер бойынша 436,0 млн теңге, бюджетке түсімі жоспарланбаған мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсім 9,8 млн теңгені құрады.

2018 жылдың 1 қаңтарына 29 облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жоспарланған 192 823,8 млн теңге шығыстар жоспары 192 595,8 млн теңгеге немесе 99,8 процентке орындалып, 228,0 млн теңге игерілмеген.

Атқарылмаған 228,0 млн теңгенің 93,9 миллионы облыстық денсаулық сақтау басқармасына, 28,4 млн облыстың ауыл шаруашылығы басқармасына, 17,4 млн теңгесі жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына, 16,9 млн теңгесі білім басқармасына, 21,5 млн теңгесі жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына, 28,5 млн теңгесі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына, 11,8 млн теңгесі құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына, 3,2 млн теңге табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тиесілі.

Өткен жылы республикалық бюджеттен 4 кредиттік шарт негізінде 9 463,6 млн теңге, облыстық бюджет қаржысы есебінен 1 794,8 млн теңге, барлығы 11 258,4 млн теңге бюджеттік кредит берілген.

Облыста әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізу

жағасын келесі: «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2017 жылы облыс бойынша 47 көпқабатты тұрғын үй (1983 пәтер – 160,9 мың ш.м.) құрылысы жүргізіліп, 42 көпқабатты тұрғын үй (1859 пәтер – 156,2 мың ш.м.) пайдалануға берілген.

2017 жылы бюджет қаржысы есебінен 2 балабақша, 14 мектеп құрылысы аяқталып, 1 мектепке жылу қазандығы, 1 мектепке жана корпус ғимараты, 1 мектепке спорттық зал, асхана, шеберхана салынды. Қармақшы ауданында жаз-қыс мезгілінде балалар демалысына арналған лагердің, 7 балабақша мен 3 мектептің құрылысы басталды.

Денсаулық сақтау саласында 1 орталық аудандық аурухана құрылысы аяқталып, 2 аурухана құрылысы басталған. Тұрғын үй құрылысын дамыту есебінен Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесі бойынан 590 пәтерді құрайтын 10 тұрғын үй, Теренөзек кентіндегі О.Мәлібаев елді мекенінде 10 тұрғын үй пайдалануға беріліп, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 18 пәтерлік 6 тұрғын үй құрылысы басталған. Байқоңыр қаласында 50 пәтерлік 5 тұрғын үйдің және Қызылорда қаласының сол жағалауындағы 50, 60 пәтерлік 7 тұрғын үй құрылысының мемлекеттік сараптамалдан өткізілген жоба-сметалық құжатты әзірледі. Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі 180 гектар жер учаскесінде ауызу, жол салу, Жанақорған кентінде «Саяжай» мөлтек ауданын газбен қамту жұмыстары, Қызылорда қаласы сол жағалауындағы сумен жабдықтау және көріз жүйесінің желісі, электрмен қамту, газ тарту желілерін салу, жол салу жұмыстары басталды.

Сегіз елді мекенде тұрғын үйлерге су құбырын жеткізу желілерінің құрылысы, 3 сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту жүргізіліп, 1 елді мекенде электрмен жабдықтау жүйесіне қайта жаңғырту аяқталып, 19 әлеуметтік нысандардың бу қазандығы газбен қайта жаңғыртылған, Арал қаласында «Ремізілер» аяны абаттандырылып, ашық спорт алаңының құрылысы басталды. Мәдениет саласы бой-

ынша 1 ауылдық клуб құрылысы аяқталса, 3 ауылдық клуб құрылысы, Қызылорда қаласында «Қазақ Орталық Атқару Комитетінің әкімшілік ғимараты» жобасының құрылысы басталған. Қызылорда қаласында Г.Мұратбаев атындағы орталық стадионының қосымша алаңы қайта жаңғыртылып, 7 елді мекендерде спорттық кешендердің, денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталған. Қызылорда қаласында архив ғимараты құрылысы аяқталды.

Белкөк кентін газдандыру, Қызылорда қаласы Талсуат елді мекені оңалту орталығының қазандығын газ отынына ауыстыру, Қызылорда қаласындағы №3 қалалық емхананың ғимаратын газдандыру аяқталса, Қармақшы ауданы Жосалы кентінде автоматтандырылған газ тарту станциясы орнатумен қоса «Бейнеу-Шымкент» магистралды газ құбырынан бұрға газ құбырының құрылысы басталды.

«Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылдық округінде ет өндіру бойынша құс фабрикасына инженерлік инфрақұрылым жүргізу» жобасы әзірленіп, Қазалы ауданы Қазалы қаласында жүгіру жолдары бар футбол алаңы мен 300 орындық трибуна, Қазалы ауданы Абай, Шәкен елді мекендерінде мал қорыма (биофермиалық шұңқырлар), Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі әкімшілік ғимарат құрылысы жүзеге асырылған.

«Қызылорда» автобус паркі» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің жарғилық капиталын ұлғайтуға 10 автобус сатып алынды.

Экономикалық дамудың өсу қарқыны баяулаған кәзіргі кезеңде бюджеттің атқарылуы күрделі болғаны белгілі. Соған қарамастан, өңірде бюджеттің мұнай өндірісу компаниялары салығына түседілігін төмендетіп, кіріс көлемін көбейтуге өзге де мүмкіндіктерді пайдалану қолға алынды.

Мейрамбек САТЛАБАЕВ, облыстық тексеру комиссиясы төрағасының міндетін атқарушы.

# БАҒЫТЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАҒАН БАҒДАРЛАМА

2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өңірлік деңгейдегі негізгі стратегиялық құжатты болып табылады.

Облыстық 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы 2015 жылдың 10 желтоқсандағы Қызылорда облыстық мәслихатының №323 шешімімен бекітіліп, қазіргі таңда бағдарламаның 3 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Бағдарлама ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, шағын және орта бизнесті, өзге де салаларды дамытып, өңірдің табиғи-ресурстық, әлеуметтік әлеуетін тиімді пайдалану негізінде тұрғындарының жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында 5 жылдық кезеңге әзірленді.

Аталған құжат өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын, мақсаттарын, көрсеткіштерін қамтиды.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2017 жыл өнеркәсіптің өңдеуші секторында, ауыл шаруашылығында, тұрғын үйлер салуда, аймақтың әлеуметтік дамуына инвестициялар тартуда және де құрылыс жұмыстарын жүргізуде оң тенденциялар қалыптасты.

жұмыстарын жүргізуде оң тенденциялар қалыптасты.

Экономиканың салаларында жыл ішінде 13105 жұмыс орны құрылды, оның 11561-і тұрақты. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі республикалық көрсеткіштен төмен 4,8 процент шегінде болды.

Тұтыну бағалар индексі маусымдық өсімге қарамастан, жыл бойы республикалық орташа көрсеткіштен төмен болды. 2017 жылдың қорытындысымен 106,6% құраса, республика бойынша 107,1%-ті көрсетті. Оның ішінде азық-түлік тауарларының баға индексі 106,6%, азық-түлік емес тауарлардың баға индексі – 108,9%, ал ақшыл қызметтер – 104,4%. Мемлекеттік бюджеттен 104,6 млн теңге салық және басқа міндетті төлемдер аударылып, болжам 102,7 процент орындалды.

59 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізіліп, оның 25-сі пайдалануға берілді (білім – 17, денсаулық сақтау – 2, мәдениет – 1, спорт – 1, басқалар – 4 нысан).

2017 жылы 1983 пәтерлік 47 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізіліп, оның ішінде мемлекет қаржысы есебінен 1600

пәтерлік 36 көпқабатты үй пайдалануға берілді.

Облыс және аудан орталықтарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы жұмыстары жалғасты. Бұл мақсаттарға республикалық және облыстық бюджеттерден 4 млрд теңге бөлінді, 164 шақырым инженерлік желі салынды.

Облыс орталығындағы апаттық тұрғын үй мәселесі шешілді.

Сонымен қатар, бағдарлама орталық мемлекеттік органдарға облыстағы жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға және стратегиялық мақсаттар мен көрсеткіштерді жүзеге асыруды жергілікті атқарушы органдар қызметіне мониторинг жасауға негіз болып табылады.

«Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығына сәйкес мемлекеттік органдардың қадағаланатын са-

ланы/аяны/өңірді дамытуды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ бюджет қаражатын пайдалану бойынша қабылдайтын шараларының тиімділігін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі «Мақсаттарға қол жеткізу» блогы бойынша 2017 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысы әкімдігі қызметінің тиімділігін бағалау жүргізілді.

Аталған бағалау 2017 жылдың қорытындысымен 2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасының іске асыру жөніндегі есебі негізінде жүзеге асырылды.

2017 жылдың бағалау нәтижесіне сәйкес Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу бойынша Қызылорда облысы әкімдігі қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау қорытындысы 46,7 ұпайды құрды. Көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 1,2 ұпайға жоғарылап, оң нәтиже көрсетті.

Сәуле ҚҰЛЫМБЕТОВА, облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы.

**Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ел экономикасының өсіміне ерекше назар аударған болатын. Бұл ретте жергілікті бюджет түсімдерінің қамтамасыз етілуі, оның игерілуі, орынды жұмсалудың маңыздылығы айшықтала түседі.**

Мемлекетке төленетін салық – кірістің негізгі бөлігі. Салықтан басқа, шикізатты сату, мемлекеттің иелігіндегі компанияларды сату сияқты операциялардан түскен пайда бюджеттің кірістеріне жатқызылады.

Әдетте, мемлекет бюджетінің шығындары кірістеріне тең болатындай етіп жоспарланады. Бірақ бюджетте белгіленген уақыт өткенде, шығындар кірістерден не кірістер шығындардан біраз артық болады. Сол сияқты, мемлекет, облыс деңгейінде барлық шығындар мен кірістерге жыл ішінде өзгерістер енгізіледі. Ал бюджеттің орындалуы – бұл қалыпты дамуымыздың кепілі.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Занының 14 және 15 баптарына сәйкес

BASTAMA

БІРЛЕСКЕН ЖОБАНЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Облыста жемқорлықты жоюдың озық механизмдерін қолдана отырып, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға бағытталған «Protecting business and investments» жобасы қарқынды жүзеге асуда.



Жапон компаниясының директоры Камар Бекетова биыл «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» ретінде жарияланғанын, осыған сәйкес орталықтың «бір терең қағидаты» аясында қызмет көрсетінін жеткізді.

Жиын барысында өңірлік кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының директоры Камар Бекетова биыл «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» ретінде жарияланғанын, осыған сәйкес орталықтың «бір терең қағидаты» аясында қызмет көрсетінін жеткізді.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

BALALAR DEMALYSY

ТАЛДЫСУДАҒЫ ТАМАША

Тау бөктеріндегі «Талдысу» лагері төртінші ауысым тынығушыларын қабылдады. Тұмса табиғат аясында орналасқан олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына бұл жолы Шиелі ауданынан екі жүзден астам бала келді.



Бесарық ауылындағы облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының жеткіншектері берері көп. Орталықтың білім беру сапасы, тынығу мен санаға және рухани әлеміне тың күш сыйлар тамаша жетістіктері көптің көңілінен шығып келеді.

«Талдысу» лагері биылғы жазғы сауықтыру маусымына үлкен дайындықпен келген. Материалдық базасы жаңарып, техникалық қауіпсіздігі, санитарлық тазалығы ескерілген.

Жалпы өңірде балаларға арналған 9 лагерь болса, оның 7-еуі жыл бойы жұмыс жасайды. Биыл облыс бойынша 140 мың баланы жазғы тынығу орындарымен қамту жоспарланған.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы», Жаңақорған ауданы.

BILGENIM BIR TOĞYZ...

Дәстүртану сабағы керек пе?

Мұны негізі әрбір ата-ана ұл-қызына өзі үйретуі керек еді. Бірақ...

Жақында үш баласы бар таныс апаймен дәстүрлеріміз туралы әңгімелесіп қалдық. Отанасы «Айталық, шолпыны қыздар тек әдемі болу үшін таққан. Қазір мұның маңызы жоқ» деп бейғам отыр.



Тағы бір мысал, қонақ келгенде табақ тартудың маңызын білеміз бе? Сыйлы қонаққа бас, жамбас секілді сүбелі ет, жіліктерді, күйеу жігітке төс, қызға құймашақ берілетінін бүгінгі жастар білмейді.

алмай, үзбей, шастастырмау үшін қолданылатын жұп-жұқа құрал. Сөздің тігісін жатқызып, бірден айтып салмай, жұқалап жеткізген адамды «мәймөңке» дейтініміз содан. Арқаудың да қолөнерге қатысы бар. Алаша тоқығанда өрнектері түзу, әдемі түсуі үшін тіреп тұратын бұйымды арқау деп атаған.

Сонғы уақытта ене мен келіннің салқын, даудамайға толы қарым-қатынасын қалыпты көре бастадық. Бір-бірін ұнатпаса, сырттай сөз етсе, селт етпейміз. Өйткені жақсы дәстүрді елемейтін болдық.

Артқымызға қарасақ, отбасында береке мен бірлік ұйыған, айдалада қол алысып берген уәдені бүгінгі нотариустың мың қағазынан артық бағалайтын, уәдеге берік, қызы өнегелі, ұлы өжет елдің тарихын көреміз. Жақында бір ағайымыздан білдім: қазаққа «жесір» деп тек ері өмірден өткен әйелді ғана айтқан екен. Ал бүгінде біз ерінен ажырасқан әйелді де «жесір» деп атай саламыз.

Біз тек дәстүрлерді ғана емес, сөздерді де ұмыта бастадық. Айталық, бес арыстың кімдер екенін білгенімізбен, «арыс» сөзінің мағынасын түсінбейміз. «Ойын мәймөңкеден жеткізді» дейміз, сонда мәймөңке дегеніміз не? «Ас – адамның арқауы». Арқау дегенде көз алдымызға не елестейді? Дәл осындай «сөздерді ұмыту, түсінбеу» жағдайы құнығыс елінің де басынан өтті.

Біз идеал санаитын, өркендеп, дамып кеткен бағыт елдері қазір қайтадан рухани құндылықтарын іздеуде. Біздің ұлтта дәстүрді білетін, салтты құрметтейтін, сөздің төркінін аңғаратын ата-әже, аналар, азаматтар бар. Алайда, жоғарыда біз мысал еткен үш баласы бар отанасының сөзінен көп дәстүрді білмейтінін байқадым. Қазір дәстүрді білмейтін жастар, жас ата-аналар көп. Ал адам өзі білмеген дүниесін біреуге, ұл-қызына үйрете ала ма? Қазіргі уақытта ұлттық кодмызды, қазақ екенімізді білдіретін ерекшеліктерімізді жас ұрпаққа үйрете ісін тек ата-анаға сеніп тапсыра аламыз ба? Сондықтан, мектеп пәндеріне қосымша «Дәстүртану» сабағы қосылуы керек.

«Арыс – киіз үйдің шаңырағының үлкен шеңбері» дейді осы тақырыпты тереңірек зерттеп жүрген қаламгер Ұларбек Нұрғалиұлы. Бір деректерде шаңырақты ұстап тұратын ұяқтыларын ең мықты, негізгі делінеді. Қалай десек те, «арыс» еді, арысымнан айырылдым» деген теңеу сөздің көшпелі қазақтың баспанасына, шаңырағына тікелей қатысы бар. Ал, мәймөңке – алашаның өрмек жіптерін қылып

ЖӨРМЕҢКЕ ӨТЕДІ. 21 шілде күні Жаңақорған ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Астана даңғылының бойында (Е.Көшербаев және А.Иманов көшелерінің аралығында) ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді. Басталуы сағат 08.00.

ХАБАРЛАМА. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 ж. №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжаңа» ЖШС «Батыс Үзкөл» кенішіне электр стансасын орнату» жобасы бойынша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдауына. Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және zhamart.myrzabekov@petrokazakhstan.com; электронды поштасы арқылы қабылданды. Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

ПӨТЕРЛЕР САТЫЛАДЫ. «Асар Холдинг ЛТД» ЖШС (БСН 040140007423) Желтоқсан 11 «В» «Құралай» кешені және Желтоқсан 3 үй «Ақбай» кешеніндегі сатылатын 1,2,3,4 бөлмелі пөтерлер бар. 7-20-25 мемлекеттік бағдарламасымен екінші деңгейдегі банктер арқылы несиеленуі мүмкін. Шаршы метрінің құны 185 000 теңгеден. Хабарласу телефоны: 8 701 566 07 44.

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ. «Денсаулық – зор байлық» деген сөзді жиі айтқанымызбен басмызға ең түсетін сол денсаулықтың қалпын біле бермейміз. Дәрігерлермен бірге келуі үшін анық саулығына мән берген жөн. «Алып анадан туады» демекші нәрестенің денсаулығы анасының денсаулығына байланысты. Бала денсаулығының сақшысы – неонатолог дәрігерлер. Қоғамда дәрігерлерге тұлғасын ескеретіндер аз. Бірақ, бәрібір ең өзіндік осы ақ халатты абзал жандар адам өмірін арашашымы екендігін ұмытпайық. Бірен-саран сәтсіздіктерге бола бүкіл дәрігерлердің еңбегін еш кетіруге болмас. Осы орайда Қызылорда қаласындағы «Ана мен бала» орталығының дәрігерлеріне алғысымызды білдіреміз. Олар біздің келіміз бен немереміздің өмірін сақтап қалды. Баланың аман-сау өмірге келуі үшін.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ. Қызылорда қаласында украиндық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпары кірпіш сатылады. Өлшемі 250x120x88 мм, 250x120x65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

САҒЫНЫП ЕСКЕ АЛАМЫЗ. Бір жыл өтті, жан әке, қоштасқалы, Алып жүрек соғуы тоқтатқалы, Өзін өтіп кетсе де бұл фониден, Өшпейді өмірдің соқпақтары. Жүзінен жылылықтың лебі ескен, Екеним өшпес бейнесі біздің естен, Еске алып сағыныптан нар тұғанды. Ұмытпас жемістерің өзің еккені! – дей отырып, ауылы әкеміз Бұйратбек Зәріпұлының қонақасысы осы жылдың 28 шілдесінде сағат 17.00-де, жылдық асы 29 шілде сағат 10.00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылында болатын барлық жамағатқа хабарлай отырып, қасиетті құранның ішінде болуға шақырамыз. Еске алушылар: Зәріпөвтер әулеті.

Menшік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒҒАРБАЕВ. БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ. Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81. Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52, есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34. Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні № 12993-Ф, 27.08.2012 ж. Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 28750 Тапсырыс №1135. Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А». e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz